

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесі мәжілісінің
05.04.2023 жылғы хаттамасымен
М А Қ Ұ Л Д А Н Ы А Н

«Банк ЦентрКредит» АҚ
акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысының
12.05.2023 жылғы хаттамасымен
Б Е К І Т І Л Г Е Н

**«Банк ЦентрКредит»
акционерлік қоғамының
Корпоративтік басқару
кодексі**

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Жалпы қағида.....	3
2-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы.....	7
3-тарау. Директорлар кеңесі.....	18
4-тарау. Басқарма	34
5-тарау. Корпоративтік хатшы.....	39
6-тарау. Корпоративтік жағдайлар (оқиғалары)	42
7-тарау. Ақпаратты жариялау	45
8-тарау. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит	48
9-тарау. Дивиденд саясаты және таза табысты бөлу	57
10-тарау. Қызметке қатысты корпоративтік даулар мен бұзушылықтарды реттеу ...	59
11-тарау. Кадрлық саясат	62
12-тарау. Қызметті жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау	63
13-тарау. Қорытынды қағида	64

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ҚАҒИДА

1-бап. Осы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексінде реттелетін қарым-қатынастар

1. Осы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексінде (бұдан кейін – Кодекс) «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың (бұдан кейін – Банк) басқару процесінде орнайтын қарым-қатынастар, оның ішінде Банк акционерлері мен органдары арасындағы, Банк органдары арасындағы, Банк пен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар реттеледі.

2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ орныққан халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесін, этикалық нормаларды, Банктің ағымдағы даму сатысындағы қызметінің нақты талаптарын ескере отырып әзірленген.

3. Банк қолданыстағы және ықтимал инвесторлар үшін Банктің тартымдылығын арттыру мақсатында осы Кодекстің ережелерін өз еркімен қабылдайды және ұстанады.

2-бап. Банктің корпоративтік басқару қағидаты

1. Банктің корпоративтік басқаруы осы тарауда баяндалған принциптердің негізінде жүзеге асырылады.

2. Корпоративтік басқару Банк акционерлері мен қызметкерлерінің құқықтарын және заңды мүддесін құрметтеуге негізделген, сонымен қатар оның тиімді қызмет етуіне, оның ішінде активтерінің құнын арттыруға, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын сақтауға, жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді.

3. Банктің тиімді қызметі мен инвестициялық тартымдылығының негізі – корпоративтік басқарудың барлық қатысушыларының өз қызметін жүзеге асыруының ашықтығы. Осы тарауда мазмұндалған корпоративтік басқарудың принциптері Банкті басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынаста өзара сенімділікті орнатуға бағытталған.

4. Аталған принциптер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңын, Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымының (ЭЫДҰ) Корпоративтік басқару принциптерін, корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибені және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып құрылған.

5. Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану Банк қызметіне объективті талдау жүргізу және талдаушылардан, қаржы консультанттарынан, рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсыныстар алу үшін тиімді тәсіл құруды қамтамасыз етеді.

6. Тәуекелдерді басқару жүйесі Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру, толық, шынайы және уақтылы басқару арқылы тәуекелдерді көтеретін шешімдер қабылдайтын Банктің уәкілетті алқалы органдарының хабардар болуын қамтамасыз етеді.

3-бап. Акционерлердің Банкті басқаруға қатысуына байланысты өз құқықтарын жүзеге асыруына нақты мүмкіндік беруді қамтамасыз ету қағидаты

1. Акционерлер акцияларға меншік құқықтарының есебін жүргізудің сенімді және тиімді тәсілдерімен, сондай-ақ оларға тиесілі акцияларды заңнамаға сәйкес еркін түрде иелігінен шығару мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

2. Банк акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа кезде өзіне тиесілі акциялардың құнының шегінде Банктің қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3. Акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысында Банк қызметінің аса маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдау арқылы Банкті басқаруға қатысуға құқылы. Осы құқықты іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк Жарғысында төмендегі мәселелер көзделген:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабарлау тәртібі акционерлерге оған қатысу үшін тиісті дәрежеде дайындалуға мүмкіндік береді;

2) жалпы жиналыс өткізілетін орын, күн және уақыт жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың көпшілігінің қатысуын қамтамасыз ететіндей түрде белгіленеді;

3) ірі акционерлердің Жалпы жиналысты шақыру және жиналыстың күн тәртібіне ұсыныстар енгізу құқығы акционерлердің осы құқықтарының болуын растайтын кезде дәлелсіз қиындықтардың туындауына тәуелді болмайды;

4) әрбір акционер өзінің дауыс беру құқығын ең қарапайым және өзіне ең ыңғайлы тәсілмен іске асыруға құқылы.

4. Акционерлерге Банктің пайдасын бөлуге қатысу мүмкіндігі берілген. Осы құқықты жүзеге асыру үшін Банкте:

1) дивиденд мөлшерін белгілеу және оны төлеу тетігі бекітілген;

2) дивиденд төлеу және оны төлеу тәртібі үшін жағдайдың болуы туралы анық түсінікті қалыптастыру үшін жеткілікті ақпарат беріледі;

3) дивиденд алатын кезде дәлелсіз қиындықтарға тәуелді болмайтын дивиденд төлеу тәртібі қамтамасыз етілген;

4) жарияланған дивидендтер толық немесе уақытылы төленбеген жағдайда, атқарушы органдарға қатысты қолданылатын іс-шаралар көзделген.

5. Акционерлер Банк туралы толық және шынайы ақпаратты тұрақты және уақытылы түрде алуға құқылы. Бұл құқық төменде көрсетілгендер арқылы іске асырылады:

1) Акционерлердің жалпы жиналысын дайындаған кезде акционерлерге күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша толық ақпарат беру;

2) акционерлерге берілетін жылдық есепке Банктің бір жыл ішіндегі қызметінің қорытындысын бағалауға мүмкіндік беретін қажетті ақпаратты қосу;

3) акционерлердің Банк туралы ақпаратты алуын қамтамасыз етумен айналысатын корпоративтік хатшы лауазымын енгізу.

6. Банк акционерлерінің өздеріне берілген құқықтарды асыра сілтеп пайдалануына болмайды.

7. Акционерлердің басқа акционерлерге немесе Банк қызметіне тек зиян келтіруі ниетімен жүзеге асыратын іс-әрекеттеріне, сондай-ақ акционерлердің құқықтарды асыра сілтеп пайдалануына жол берілмейді.

4-бап. Бір түрдегі акциялардың бірдей санын иеленетін акционерлерге тең көзқараспен қарауды, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайда, барлық акционерлер құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету қағидаты

1. Банкке деген сенім Банктің тең акционерлерге тең көзқараспен қарауына негізделеді. Осы Кодекстің мақсаты үшін тең акционерлер деп бір түрдегі акциялардың бірдей санын иеленетін акционерлер есептеледі. Бұл принципті сақтау төменде көрсетілген арқылы қамтамасыз етіледі:

1) Жалпы жиналысты жүргізудің жиналысқа қатысатын барлық тұлғаларға өз пікірін айту үшін және өзін қызықтыратын сұрақтарды қою үшін ұтымды тең мүмкіндіктер беруді қамтамасыз ететін тәртібін белгілеу;

2) корпоративтік іс-әрекетті орындаудың акционерлерге маңызды корпоративтік іс-әрекет туралы ақпарат пен өз құқықтарының сақталатынына кепілдік алуға мүмкіндік беретін тәртібін белгілеу;

3) инсайдерлік және конфиденциалды ақпаратты пайдалану арқылы операция жүргізуге тыйым салу;

4) Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма мүшелерін және Басқарма Төрағасын осы тұлғалар туралы акционерлерге ақпарат беруді көздейтін ашық процедураға сәйкес сайлау;

5) Басқарма мүшелерінің және мәміле жасауға мүдделі деп танылған басқа да тұлғалардың осындай мүддесі туралы ақпарат беруі;

6) Банктің басқару органы мен оның акционері (акционерлері) арасындағы, сондай-ақ акционерлер арасындағы дау (бұдан кейін – корпоративтік дау) Банктің мүддесіне қатысты болса, мұндай дауды реттеу үшін қажетті және қолдануға болатын барлық шараларды қолдану.

5-бап. Банктің Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруын және оның тарапынан Басқарма қызметін тиімді бақылауды, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің оның акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз ету қағидаты

1. Директорлар кеңесі Банктің даму стратегиясын белгілейді, сондай-ақ оның қаржылық-шаруашылық қызметін тиімді бақылауды қамтамасыз етеді. Осы мақсатта Директорлар кеңесі:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын;
- 2) даму стратегиясы мен жылдық бюджетті;
- 3) ішкі бақылау процедурасын бекітеді.

2. Банктің Директорлар кеңесінің құрамы Директорлар кеңесіне жүктелген функцияларды тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді. Бұл үшін:

1) Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің әр алуан пікірлерін ескеретін, Директорлар кеңесі құрамының заңнама талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін және Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерін (бұдан кейін – тәуелсіз директор) сайлауға мүмкіндік беретін ашық процедура арқылы сайланады;

2) Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлардың жеткілікті саны кіреді;

3) Директорлар кеңесі мәжілістерінің кворумын анықтау процедурасы тәуелсіз директорлардың қатысуын қамтамасыз етеді.

3. Директорлар кеңесі жанындағы Банк комитеттерінің дербес құрамы оларға Директорлар кеңесі мүшелерінің белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

4. Директорлар кеңесінің мәжілістері тұрақты, сондай-ақ, қажет болғанда, қарастырылатын мәселелердің маңыздылығына қарай сырттай нысанда да жүргізіледі.

5. Директорлар кеңесі Банктің атқарушы органдарының (Басқарма) тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді және оны бақылайды.

6-бап. Банктің Басқармасына Банктің ағымдағы қызметін орынды, әділ және тек Банктің мүддесінде ғана тиімді басқару мүмкіндігін, сондай-ақ Банк Басқарманың Банктің Директорлар кеңесі мен оның акционерлеріне есеп беруін белгілеуді қамтамасыз ету қағидаты

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкте алқалы атқарушы органы – Басқарма құрылған және қызмет етеді, оның құзыретіне Банктің ағымдағы қызметіне оперативтік басшылық жасау кіруі тиіс.

2. Банк Басқармасының құрамы атқарушы органдарына жүктелген қызметтерді тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Бұл орайда Банк Президенті, бірінші Вице-Президент, Басқарма мүшесі және Вице-Президент, Банк

Басқармасының мүшесі акционерлерге осы тұлғалар туралы толық ақпарат беруді көздейтін шынайы процедураға сәйкес сайланады.

3. Басқарма Банктің жылдық бюджетіне сәйкес әрекет етеді.

4. Банк Президентіне және Банктің Вице-Президенттеріне, Басқарма мүшелеріне белгіленетін сыйақы олардың біліктілігіне сай болады және олардың Банк қызметінің нәтижесіне қосатын нақты үлесін ескереді.

7-бап. Банктің акционерлері мен инвесторларының негізді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк туралы, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік құрылымы мен басқаруы туралы толық және шынайы ақпаратты уақытылы жариялауды қамтамасыз ету қағидаты

1. Акционерлер бірдей ақпаратқа қол жеткізу үшін тең мүмкіндіктер алуға құқылы.

2. Банктің ақпараттық саясаты ҚР қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі қағидаларына сәйкес Банк туралы ақпарат алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді

3. Акционерлердің ақпарат алуға, соның ішінде Банктің қаржылық жағдайы, оның қызметінің нәтижелері, Банкті басқару, оның ірі акционерлері туралы, сондай-ақ оның қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысы бар маңызды фактілер туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

4. Банкте конфиденциалды және инсайдерлік ақпаратты пайдалануға бақылау жасалады.

8-бап. Мүдделі тұлғалардың, соның ішінде Банк жұмыскерлерінің заңда көзделген құқықтарын ескеру және Банктің активтерінің, Банктің акциялары мен басқа да бағалы қағаздарының құнын арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында Банк пен мүдделі тұлғалардың белсенді ынтымақтастығын қолдау қағидаты

1. Тиімді қызметті қамтамасыз ету үшін Банк Басқармасы үшінші тұлғалардың, соның ішінде кредиторлардың, мемлекеттің және Банк немесе оның құрылымдық бөлімшелері орналасқан жерлердегі аймақтық биліктің мүддесін ескереді.

2. Банктің басқару органдары өз жұмыскерлерінің тиімді жұмыс істеуге ынтасын арттыруға ықпал етеді.

9-бап. Акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Банкте тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету қағидаты

1. Банкте бюджетке күнделікті бақылау жасаудың тиімді жүйесі құрылған және ол үнемі жетілдіріліп келеді. Банктің қызметі Директорлар кеңесі жыл сайын бекітетін бюджеттің негізінде жүзеге асырылады.

2. Банкте қаржылық-шаруашылық қызметке бақылау жасау жүйесіне кіретін органдар мен ішкі бақылау жүйесін әзірлеуді, бекітуді, қолдануды және бағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың құзырларына шектеу қойылады. Ішкі бақылау процедураларын Бас офистің құрылымдық бөлімшелері өздеріне жүктелген қызметтерге сәйкес әзірлейді. Ішкі бақылаудың негізгі процедураларын бекіту Банктің Директорлар кеңесіне жүктелген.

10-бап. Банктің өз қызметін жүргізген кезде қоршаған ортаны қорғау қағидаты

Банк өз қызметі барысында қоршаған ортаны ұқыптылықпен орынды қорғауды қамтамасыз етеді.

11-бап. Банктің ұйымдық құрылымы

1. Банктің ұйымдық құрылымы қызмет жүргізудің таңдалған бизнес-үлгісіне, ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келеді, мүдделер қақтығысын барынша азайтады және тәуекелдерді басқару бойынша өкілеттіктерді төменде көрсетілгендерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, алқалы органдар (Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер, Басқарма, Басқарма жанындағы комитеттер) мен құрылымдық бөлімшелер арасында бөледі:

- 1) Банк акционерлерінің жалпы жиналыстары;
- 2) Банктің Директорлар кеңесі;
- 3) Банктің Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер;
- 4) Банк Басқармасы;
- 5) тәуекелдерді басқару бөлімшесі (бөлімшелері);
- 6) комплаенс бақылау бөлімшесі;
- 7) ішкі аудит бөлімшесі.

2. Тәуекел менеджменті басшысының біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі қызмет жүргізудің таңдалған бизнес-үлгісіне, ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, тәуекел профиліне сәйкес келеді. Тәуекел менеджменті басшысының тәуелді болмауы:

1) қоластында болуына тәуелсіз белгіленеді, тәуекел менеджменті басшысын Банктің Директорлар кеңесі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) Басқарма қатыспайтын Банктің Директорлар кеңесіне кедергісіз кіре алады;

3) өзінің міндеттерін орындау үшін қажетті кез келген ақпаратты алады;

4) бас операциялық директор, қаржы директоры, Банктің операциялық қызметінің басқа ұқсас қызметтерін (андеррайтинг, кепіл қызметін есепке алмағанда) ішкі аудит бөлімшесінің басшысы лауазымдарын қоса атқармайды.

3. Тәуекел менеджменті басшысы мен Директорлар кеңесі және (немесе) Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет арасындағы бірлесіп әрекет ету тұрақты негізде жүзеге асырылады. Тәуекел менеджменті басшысын лауазымынан босату туралы қабылданған шешім жөніндегі ақпарат Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жүргізетін мемлекеттік органға (бұдан кейін – уәкілетті орган) мәлімет ретінде ұсынылады. Уәкілетті органның сауалы бойынша Банктің Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаудың дәлелді себептерін ұсынады.

4. Тәуекел менеджменті басшысы Банктің Директорлар кеңесіне Банк қабылдайтын тәуекелдердің деңгейіне қатысты тәуекелдерді басқару бөлімшесінің пікірі мен Банк Басқармасының шешімі арасындағы елеулі айырмашылықтардың болуы туралы ақпарат береді.

2-ТАРАУ. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

12-бап. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы туралы жалпы қағида

1. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады.

2. Шешім қабылдау тек акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жататын мәселелер Банктің Жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс деп бөлінеді.

4. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы жылына 1 рет өткізіледі.

5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс.

6. Есепті жыл үшін Банк аудитін аяқтауға мүмкіндік болмаған жағдайда, көрсетілген мерзімді үш айға дейін ұзартуға болады.

7. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады және оларды сырттай дауыс беру арқылы да өткізуге болады.

8. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

1) әрбір акционердің Банкті басқаруға қатысу құқығын іске асыруына;

2) барлық акционерлерге тең және әділ көзқараспен қарауға;

3) барлық акционерлердің Жалпы жиналысқа қатысуына;

4) ұйымдық және есеп құжаттарын беруге;

5) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің қарапайым және шынайы болатынына кепілдік береді

9. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға және онда қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

10. Банктің атқарушы органының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ. Келесі өкілдік акционерлердің жалпы жиналысындағы күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты тапсырмаларды қамтитын сенімхатқа негізделген жағдайды есепке алмағанда, Банктің жұмыскерлері Акционерлердің жалпы жиналысына акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ.

11. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде іс-әрекет етеді.

12. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз іс-әрекет етуге немесе оның мүддесін танытуға құқығы бар тұлғаның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуы және онда қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруі үшін сенімхат талап етілмейді.

13. Дауыс беру қатысу тәртібімен немесе сырттай нысанда өткізілген кезде, Банк өз акционерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық процедуралардың орындалатынына кепілдік береді.

13-бап. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру және оны өткізуге дайындық

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

3. Ірі акционердің бастамасымен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған және өткізілген жағдайда:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап Банк Басқармасы орналасқан жерге осындай жиналыстың күн тәртібі, жиналысты шақыруды талап ететін акционерлердің (акционердің) аттары (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілген жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне ұсынылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын талап ететін тұлғаның (тұлғалардың) қолы қойылады;

2) Банктің Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелердің тұжырымдамасына өзгеріс енгізуге және ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқығы жоқ. Ұсынылған талаптарға сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақырған кезде Директорлар кеңесі өзінің қалауы бойынша Жалпы жиналыстың күн тәртібін кез келген мәселемен толықтыруға құқылы;

3) Директорлар кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды және мұндай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру немесе оны шақырудан бас тарту туралы шешімді осы талапты ұсынған тұлғаға жөнелтеді.

Төмендегі жағдайларда, яғни:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ұсынудың белгіленген тәртібі сақталмаған болса;

2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылатын мәселелер Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келмейтін болса, Банктің Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешім қабылдай алады.

Банктің Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне қарсы сотқа жүгінуге болады.

Осы баптың 3-тармағының бірінші бөлімінің 3)-тармақшасында белгіленген мерзім ішінде Банктің Директорлар кеңесі ұсынған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданбаған жағдайда, оны шақыруды талап ететін тұлға Банктің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуі талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Акционерлердің жалпы жиналысын қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы дайындайды және өткізеді.

5. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінің деректері негізінде орталық депозитарий құрады.

6. Көрсетілген тізім құрылатын күн Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдаған күннен ерте белгіленбейді.

7. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін жасағаннан кейін осы тізімге қосылған тұлға өзіне тиесілі Банктің дауыс беруші акцияларын иеліктен шығарса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар тапсырылуы тиіс.

8. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың көпшілігінің қатысуын қамтамасыз ететіндей түрде белгіленеді.

9. Банк акционерлері банктің ішкі құжаттарында белгіленген байланыс құралдарын пайдалана отырып, қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісіне қашықтан қатысуға құқылы.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының кворумын белгілеу кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына келген Акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

10. Акционерлерге Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабарланады, яғни бір немесе одан да көп акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылады.

Күн тәртібіне пруденциалдық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, уәкілетті органның талабы бойынша акционерлерге алдағы уақытта акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы

он жұмыс күнінен кешіктірмей, ал бір немесе одан да көп акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлау қажет.

11. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийнің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануы қажет немесе жолдау қажет. Егер Банк акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционердің назарына жеткізілуге тиіс.

12. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама қағаз тасымалдағышта немесе электрондық форматта жіберіледі.

13. Қатысу тәртібімен немесе аралас дауыс беру тәртібімен шешім қабылданатын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламада:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысты шақыруға бастамашы тұлға туралы мәліметтер;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналыс өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт;
- 5) егер Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өтпей қалса, онда қайта шақырылатын жиналыс өткізілетін күн мен уақыт;
- 6) Жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 7) Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 8) Банк акционерлерін Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелермен таныстыру тәртібі;
- 9) Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
- 10) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 11) Акционерлерінің жалпы жиналысын жүргізуде негізге алынатын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуы тиіс.

14. Аралас дауыс беру кезінде Кодекстің осы бабының 13-тармағында көзделген ақпаратқа қосымша акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні көрсетіледі.

15. Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Банк басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдер берудің басталу және аяқталу күндері;
- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
- 6) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 7) Банк акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары, оларға сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткізіледі.

16. Миноритарлы акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдаған кезде басқа

акционерлермен бірігу мақсатында Банктің орталық депозитарийімен хабарласуға құқылы.

17. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысын өткізетін күн Акционерлердің бастапқы (өткізілмей қалған) жалпы жиналысын өткізу үшін белгіленген күннен кейінгі күннен ерте белгіленбейді.

18. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысы бұрын өткізілмей қалған Акционерлердің жалпы жиналыс болатын жерде өткізіледі.

19. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысының күн тәртібінде өткізілмей қалған жиналыстың күн тәртібінен өзгешеліктер болмауы керек.

20. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрады.

21. Күн тәртібі талқылауға шығарылатын нақты жинақталған мәселелердің толық тізімін қамтуға тиісті.

22. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне:

1) Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын өз бетінше немесе басқа акционерлермен бірігіп иеленетін акционер немесе Банк акционерлеріне осындай толықтыру туралы жиналыс өткізілетін күннен кемінде он бес күн бұрын хабарланды деген талаппен Директорлар кеңесі толықтыра алады.

2) егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды енгізуге дауыс берсе енгізе алады.

23. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашатын кезде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту туралы ұсыныстар алғаны туралы баяндауға міндетті.

24. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Банктің жиналысқа қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының басым көпшілігімен бекітіледі.

25. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы егер орналастырылған (сатып алынған акцияларды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісі қолдап дауыс берген болса, күн тәртібі шешімі артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқығын шектей алатын мәселемен толықтырыла алады.

26. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немес) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде ондай жиналыстың күн тәртібіне өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

27. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне қосылмаған мәселелер бойынша дауыс беруге және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

28. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқа» және оларға ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кең түсінікпен берілетін тұжырымдарды қолдануға тыйым салынады.

29. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды әзірлеуге және дайындауға Банктің құрылымдық бөлімшелері өздеріне жүктелген міндеттердің шегінде қатысуға құқылы.

30. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселе бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

31. Банк органдарын сайлау жөніндегі материалдарда ұсынылған үміткерлер туралы төмендегі мәліметтер көрсетілуі керек:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) Банкке үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жыл ішінде жұмыс істеген орны мен атқарған қызметі туралы мәлімет;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс істеу тәжірибесін растайтын басқа ақпарат;

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қосылған жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылған үміткер қандай акционердің өкілі болып табылатынын және (немесе) ол Банктің тәуелсіз директорының лауазымына үміткер болып табылатынын көрсету қажет.

Директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылған үміткер акционер немесе Банктің акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс жасалмаған) жеке тұлға болып табылса, онда мұндай мәліметтер материалдарда көрсетілуі тиіс және акционерлер тізімін құрастырған күні акционердің Банктің дауыс беретін акцияларын иелену үлесі туралы деректерді қосу қажет.

32. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есебі;
- 2) Жылдық қаржылық есепке жасалған аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің Банктің аяқталған қаржы жылы ішіндегі таза табысын бөлу және бір жыл үшін төленетін дивидендтің Банктің бір жай акциясына есептегендегі мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты өтініштері мен оларды қараудың қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық танытқан тұлғаның қалауы бойынша басқа құжаттар қамтылуы тиіс.

33. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналыс өтетін күннен кемінде он күн бұрын дайын болып, танысу үшін Банк басқармасының орналасқан жерде болуы тиіс.

34. Акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Банктің атқарушы органы орналасқан жерде немесе акционердің жазбаша сауалының негізінде оларды алу арқылы танысуға құқылы. Акционердің сауалы болған жағдайда, Банк сауалды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде акционерге акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды жібереді. Егер Банктің Жарғысында басқаша көзделмеген болса, онда құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды жеткізуге жұмсалатын шығыстарды акционер көтереді.

35. Директорлар кеңесі акционерлерге күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша негізді ұстанымын хабарлай алады.

36. Акционерлердің жалпы жиналысы Банк Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізіледі.

37. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін ғимарат қатысуға ниетті барлық акционерлердің қатысуына мүмкіндік беруі тиіс.

38. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысы жергілікті уақыт бойынша сағат 9-дан ерте, 22-ден кеш өткізілмейді.

39. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі.

40. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге уәкілеттігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхатты көрсетуі керек. Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының кворумын белгілеу кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

41. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына келген Акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті. Тіркеуге тұрмаған акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде ескерілмейді және дауыс беруге құқылы емес.

42. Егер бұрын дауыс беру үшін бюллетень жіберген акционер аралас дауыс беретін акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бұрын жіберілген бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын белгілеу және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

43. Банктің басымдылықты акцияларын иеленетін акционер Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және онда қарастырылатын мәселелерді талқылауға құқылы.

44. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына басқа да тұлғалар, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауға және өткізуге қатысатын Банктің лауазымды тұлғалары мен басқа қызметкерлері, еншілес компанияларының басшылары қатысуға құқылы.

45. Осы Кодекстің 44.-тармағында көрсетілген тұлғалардың Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы Банктің Жарғысында немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

46. Жиналысқа қатысушыларды тіркеуді, берілген дауыстарды санауды және кворумды анықтауды Банк акционерлері өткен Жалпы жиналыста сайлаған Есеп комиссиясы жүзеге асырады.

47. Есеп комиссиясы Банк акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады, оның акционерлерінің саны жүз және одан да көп болуы мүмкін.

Бір жүз санынан аз мөлшердегі акционерлер бар Банкте есеп комиссиясының функцияларын Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Есеп комиссиясының функцияларын акционерлердің бірінші жалпы жиналысында Орталық депозитарий жүзеге асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциялары орталық депозитарийге жүктелуі мүмкін.

48. Есеп комиссиясы кемінде үш адамнан тұруы тиіс. Есеп комиссиясына Банктің алқалы органдарының мүшелері, сондай-ақ Банктің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға кіре алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда, жиналысты өткізу уақытында есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

49. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналыс өткізілетін уақыт Есеп комиссиясына жиналысқа қатысушыларды тіркеу, олардың саны мен кворумды анықтау үшін жеткілікті уақыты болуын қамтамасыз етуі тиіс.

50. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды есепке алмағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға, дайындауға және өткізуге байланысты шығындарды Банк көтереді.

14-бап. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу

1. Банк акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысы кворум болған жағдайда белгіленген уақытта ашылады.

2. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, оларға жиналыс ашылатын уақыт өзгертілетіні туралы хабарланған және олар қарсы болмаған жағдайды есепке алмағанда, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан ерте ашуға болмайды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасының кіріспе сөзінен басталады, ол:

1) Есеп комиссиясының Төрағасына тіркеу нәтижелерімен таныстыруды ұсынады;

2) Есеп комиссиясы қорытындылаған тіркеу нәтижелерін бекіту туралы және жиналысты ашу туралы мәселені дауыс беруге шығарады;

3) Жиналыстың Төрағасын (Президиум) және Хатшысын (Хатшылығын) таңдау туралы; дауыс беру тәсілін белгілеу туралы; Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы; Жиналысты өткізу регламенті туралы, ескерту жасау және сұрақ қою, сондай-ақ оған жауап беру тәсілін бекіту туралы ұсыныс береді және оны дауыс беруге шығарады.

4. Бұл мәселелер бойынша шешімдер жиналысқа қатысатын дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады, бұл ретте әрбір акционер бір дауысқа ие болады.

5. Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы жиналыстың талқылауына ұсынған мәселелер бойынша шешім қабылданғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысы ашылған деп жарияланады және жиналыс сайлаған жиналыс Төрағасы (Президиум) мен Хатшысы (Хатшылық) жұмысына кіріседі.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының жұмысын жиналыс Төрағасы (сайланған Президиумның Төрағасы) жүргізеді.

7. Акционерлердің жалпы жиналысы – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Егер Банктің Жарғысында өзгеше көзделмесе, Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасын (Төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысқандар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

8. Банк Президенті мен мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық етпейді.

9. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, сыртқы аудиторлық ұйымның өкілі және Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банктің басқа жұмыскерлері баяндама жасай алады.

10. Банктің акционерлері күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша баяндама жасай алады, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Банк Президентіне және Банк Басқармасының мүшелеріне, сонымен қатар баяндамашыларға Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен тәсілдермен өздерінің көкейіндегі сұрақтарын қоя алады. Егер мәселелердің күрделілігі оған бірден жауап беруге мүмкіндік бермейтін болса, онда осы сұрақ қойылған тұлға (тұлғалар) жиналыс аяқталғаннан кейін қысқа мерзім ішінде сол сұрақтарға жазбаша жауап береді.

11. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы дауыс беруге талқыланатын мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсыныс беруге құқылы.

12. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөз сөйлеу Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеліп соғатын немесе ол мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайлардан басқа кезде, кедергі жасауына құқығы жоқ.

13. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оған қоса Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі кейбір мәселелерді талқылау мерзімін келесі күнге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

14. Акционерлердің жалпы жиналысы тек күн тәртібіндегі мәселелердің барлығын талқылап, олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

15. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы (хатшылығы) жиналыстың жүргізілу барысы мен қабылданған шешімдерді толық жазып отырады, кейін хаттама жасап, онда көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен шынайылығы үшін жауап береді.

16. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылған күннен кейінгі үш күннің ішінде құрылып, қол қойылады.

17. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында төмендегі мәліметтер көрсетіледі:

- 1) толық атауы мен Банк Басқармасы орналасқан жер;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын Банктің дауыс беретін акцияларының саны туралы мәлімет;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы (Президиумы) және Хатшысы (хатшылығы);
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың баяндамалары;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі дауыс беруге шығарылған әрбір мәселе бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге шығарылған мәселелер, олар бойынша дауыс берудің қорытындысы;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Банктің Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселені жалпы жиналыста қараған жағдайда, жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің мүшесіне қандай акционердің өкілі сайланатыны және (немесе) сайланған Директорлар кеңесінің мүшесінің ішінен кімнің тәуелсіз директор болатыны көрсетіледі.

18. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы (президиум мүшелері) және Хатшысы (хатшылығы);
- 2) Есеп комиссиясының мүшелері (болған кезде);

19. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (егер Есеп комиссиясын сайлау талап етілмеген жағдайда – акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.

20. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғалардың біреуі оның мазмұнымен келіспейтін болса, онда ол тұлға өзінің қол қоюдан бас тарту себебін жазбаша түрде түсіндіріп, қол қоюдан бас тарта алады, бұл түсініктеме хаттамаға тіркеледі.

21. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындысы туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге, сондай-ақ хаттамаға қол қоюға берілген сенімхаттармен, және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебі көрсетілген жазбаша түсініктермен бірге тігіледі.

22. Көрсетілген құжаттарды Банк Басқармасы сақтайды және кез келген уақытта акционерлердің танысуына беріледі.

23. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

24. Жалпы жиналыстың Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыстарды санауды және кворумның болуын анықтауды, сондай-ақ дауыс беру қорытындысын жариялауды Есеп комиссиясы жүзеге асырады. Бұл кезде Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижесі туралы хаттама жасайды.

25. Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша өзгеше пікірі болған кезде Есеп комиссиясы хаттамаға сәйкес жазба енгізеді.

26. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосып тігіледі.

27. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

28. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ қолданыла береді.

29. Банк Жарғысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының Күн тәртібіндегі барлық немесе жеке мәселелер бойынша сырттай дауыс беру өткізуге тыйым салынуы мүмкін.

30. Сырттай дауыс беретін кезде бір үлгіде дауыс беру бюллетеньдері жасалып, акционерлердің тізіміне қосылған тұлғаларға жөнелтіледі (таратылады).

31. Банк Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің нәтижесіне ықпал жасау мақсатында дауыс беру бюллетеньдерін тек жекелеген акционерлерге ғана таңдап жіберуге жол бермейді.

32. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне қосылған тұлғаларға:

1) пошта байланысын пайдаланған кезде – Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік қырық бес күн бұрын жөнелтіледі.

2) хабарламаны электрондық тәсілмен жіберген немесе оны қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырған кезде – акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жөнелтіледі.

33. Бір жүз және одан көп акционерлер санымен сырттай дауыс беру кезінде Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге жариялауға міндетті.

34. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде төмендегі мәліметтер қамтылуы тиіс:

1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға бастамашылық танытқан тұлға туралы мәлімет;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер тапсырылатын соңғы күн;

4) Акционерлердің жалпы жиналысы жабылатын күні;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, сайлауға ұсынылған үміткерлердің аты-жөні;

7) дауыс берілетін мәселелердің түйіні;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» сөздерімен сипатталған дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсініктемесі.

35. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға акционер (акционердің өкілі – жеке тұлға) қол қойып, өзінің тұлғасын анықтайтын құжаты туралы мәліметтерді көрсетуі керек.

36. Заңды тұлға акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге оның басшысы немесе оның орнын басушы тұлға қол қойып, заңды тұлғаның (акционердің өкілі – заңды тұлға) мөрімен расталуы қажет.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілі қол қойған жағдайда сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге сенімхаттың немесе акционер өкілінің өкілеттігін растайтын өзге де құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

37. Жеке тұлға акционер немесе заңды тұлға акционердің басшысы (оның орнын алмастыратын тұлға) немесе акционердің өкілі – жеке тұлғаның немесе акционердің өкілі қол қоймаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрімен расталмаған бюллетень жарамсыз деп саналады.

38. Қатысу тәртібімен өтетін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылған жағдайда (бұдан кейін – қатысу тәртібімен өтетін жасырын дауыс беруге арналған бюллетень), мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалуы тиіс. Бұл кезде қатысу тәртібімен өтетін жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде:

1) мәселенің анықтамасы немесе оның жиналыстың күн тәртібіндегі реттік нөмірі;

2) «қолдағандар», «қарсы болғандар», «қалыс қалғандар» сөздерімен көрсетілген мәселелер бойынша дауыс беру нұсқалары немесе қоғамның органдарына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны болуы қажет.

39. Акционердің өзі бюллетеньге қол қою ниетін, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес қоғамға өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қою мақсатын білдірген жағдайларды қоспағанда, акционер қатысу тәртібімен өтетін жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

40. Қатысу тәртібімен өтетін жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс беретін бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

41. Дауыстарды есептеген кезде акционер (акционердің өкілі) бюллетеньде көрсетілген дауыс беру тәртібін сақтап дауыс берген және дауыс беру үшін ұсынылған жауаптардың бірі ғана белгіленген бюллетеньдер ескеріледі.

42. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, онда сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жеке үміткерлер үшін берілген дауыстардың санын көрсетуге арналған орын болуы керек.

43. Сырттай дауыс берудің нәтижесін шығару үшін Есеп комиссиясы:

1) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің жарамдылығын

анықтайды, жарамды бюллетеньдердің саны мен онда көрсетілген күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыстарды есептейді;

2) Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру кворумның болуын анықтайды;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы талқылаған мәселелер бойынша дауыстарды есептейді және дауыс беру қорытындысын шығарады;

4) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама құрады;

5) дауыс беру бюллетеньдері мен дауыс берудің қорытындысы туралы хаттаманы Банктің архивіне тапсырады.

44. Сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізетін кезде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

45. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдерде көрсетілген ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді.

46. Егер акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде тиісті дәрежеде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды есептеу белгіленген күннен ерте түссе, онда дауыстарды одан ерте күнмен есептеуге рұқсат етіледі және бұл жағдай дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

47. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына оларды қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында, қор биржасының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы және акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Банктің жарғысында белгіленген тәртіппен (осындай тәртіп болған кезде) жеткізіледі.

48. Акционерге дауыс беру қорытындысын хабарлау тәртібі Банктің Жарғысында белгіленеді.

3-ТАРАУ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

15-бап. Банктің Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және (немесе) Банктің Жарғысына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіндегі мәселелерді есепке алмағанда, Банктің Директорлар кеңесі Банк қызметін жалпы басқарады.

2. Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, Банктің Жарғысымен көзделген.

3. Банктің Директорлар кеңесінің негізгі принциптері мен міндеттері:

1) ұсынылатын ақпаратты жан-жақты бағалау арқылы Банктің мүддесінде орынды әрі әділ шешім қабылдап, іс-әрекет етуді тиесілі сақтықпен және қамқорлықпен (duty of care) жүзеге асыру. Директорлар кеңесінің мүшелері өрескел немқұрайлылық танытпаса, сақтық және қамқорлық таныту міндеті бизнес-шешімдер қабылдау барысында орын алған қателерге қатысты қолданылмайды;

2) Банк мүддесіне зиянын тигізетін (duty of loyalty) Банкпен айрықша қатынастағы тұлғалардың жеке пайдасын, мүддесін есепке алмағанда, Банк мүддесінде шешімдер қабылдау және іс-әрекет ету;

3) Банк қызметіне белсенді түрде араласу және Банк қызметіндегі, сондай-ақ сыртқы талаптардағы елеулі өзгерістер туралы хабардар болу,

сонымен қатар ұзақ мерзімді болашақта Банктің мүддесін қорғауға бағытталған уақытылы шешімдер қабылдау;

4) корпоративтік басқару кодексі жобасын және (немесе) оған енгізілетін өзгерістерді алдын ала қарау;

5) Банктің корпоративтік басқару жүйесінің келесі принциптерге сәйкес келуін қамтамасыз ету:

Банк қызметінің ауқымы мен сипатына, оның құрылымына, тәуекелдер профиліне, Банктің бизнес-үлгісіне сәйкес келу;

Қазақстан Республикасының азаматтық, банктік заңнамасына, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес көзделген акционерлердің құқықтарын қорғау және осы құқықтарды іске асыруды қолдау;

Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамаларына сәйкес ақпаратты уақытылы және шынайы түрде жария етуді қамтамасыз ету;

Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындау үшін толық, актуалды және уақытылы ақпаратты ала алады;

б) келесі ішкі құжаттарды бекіту және олардың орындалуын бақылау:

Банктің ұйымдық құрылымы;

Банктің даму стратегиясы;

Банктің рентабельділігін басқару саясаты;

стресс тестілеу процедуралары мен сценарийлері; күтпеген оқиғалар жағдайында қаржыландыру жоспары; қызметтік үздіксіздігін басқару саясаты;

Банктің басшылықтағы жұмыскерлеріне және Банктің Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін Банк жұмыскерлеріне сыйақы төлеудің ішкі тәртібі;

кадрлық саясат; еңбекақы төлеу саясаты;

есептік саясат; тарифтік саясат; кредиттік саясат;

проблемалы активтер жөніндегі саясат;

капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесінің (бұдан кейін – КЖБП) негізгі әдістері мен принциптерін реттейтін құжат;

өтімділіктің жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесінің (бұдан кейін – ӨЖБП) негізгі әдістері мен принциптерін реттейтін құжат;

Банктің ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдіктерін басқару саясаты (саясаттары);

ішкі бақылау саясаты;

кредиттік тәуекелдерді басқару саясаты; нарықтық тәуекелдерді басқару саясаты; операциялық тәуекелдерді басқару саясаты; комплаенс тәуекелді басқару саясаты;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру (бұдан кейін – КЖ/ТҚ) тәуекелін басқару саясаты;

кепіл саясаты;

өтімділікті басқару саясаты;

ішкі аудит саясаты, ішкі аудитордың Этика кодексі, ішкі аудит бөлімшесі туралы қағида, ішкі аудит жүргізу процедурасы, ішкі аудиттік жылдық жоспары;

ішкі аудиторды тарту саясаты (саясаттары);

7) Банктің тәуекел тәбеті стратегиясы мен тәуекел тәбеті деңгейлерін бекіту. Тәуекел тәбеті стратегиясы Банктің жалпы стратегиясын іске асыру аясында

Банк қызмет еткенде қабылданатын тәуекелдер көлемінің айқын шекараларын белгілейді, тәуекелдерді іске асыруға жол бермеу немесе олардың Банктің қаржылық жағдайына теріс әсерін барынша азайту мақсатында Банк қызметінің тәуекел профилін белгілейді, сонымен қатар Банктің тәуекел тәбеті стратегиясы мен тәуекел тәбеті деңгейлерін бағалау және сақтау кезінде Банк жұмыскерлерін ынталандыру тетігін белгілейді;

8) тәуекел тәбеті стратегиясының, тәуекел тәбеті деңгейлерінің және тәуекелдерді басқару саясатының сақталуын бақылау;

9) бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті сапалы құру үшін жауапты қаржы қызметінің болуын қамтамасыз ету;

10) аудиторлық ұйым куәландырған жылдық қаржылық есепті алдын ала бекіту, сонымен қатар қажет болған кезде мерзімді тәуелсіз тексеру жүргізуге сауал жөнелту;

11) Банк Басқармасының мүшелерін сайлау, тәуекел менеджменті басшысын, ішкі аудит бөлімшесінің басшысын және бас комплаенс-бақылаушыны тағайындау;

12) аудит комитетіне жөнелтілетін есептерді қарастыру, содан соң анықталған бұзушылықтардың жойылуына бақылау жасау;

13) Банктің процедураларының тиімді сақталуына бақылау жасау, осы арқылы Банк жұмыскерлері Банктің қызметіне және Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасына, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты құру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы, сонымен қатар теріс пайдалану туралы заңнамаларына қатысты бұзушылықтар туралы конфиденциалды түрде хабарлайды;

14) Банкте қорғаныстың үш желісін құру:

бірінші қорғаныс желісін тәуекелдерді уақытылы анықтау, бағалау, осы туралы ақпаратты екінші қорғаныс желісінің бөлімшелеріне хабарлау, сонымен қатар тәуекелдерді басқару үшін жауапты Банктің құрылымдық бөлімшелері қамтамасыз етеді.

Бірінші қорғаныс желісі Банктің бекітілген тәуекел тәбетінің деңгейлерінің аясында операциялар жүргізіп, қабылданған тәуекелдерді басқару саясатының аясында қызмет етеді.

екінші қорғаныс желісін тәуекелдерді басқару, комплаенс-бақылау бөлімшелері (тәуелсіз) және бақылау қызметін (қауіпсіздік, қаржылық бақылау, кадрлармен қамтамасыз ету, құқықтық тәуекелдерді басқару, операциялық тәуекелдер қызметін өз құзыреті аясында жүргізетін бөлімшелерді қоса алғанда) жүзеге асыратын басқа бөлімшелер қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі (бөлімшелері) Банк қызметіндегі тәуекелдерге кешенді талдау жасайды, Банктің Директорлар кеңесі мен Тәуекелдері басқару мәселелері жөніндегі комитет үшін қажетті есептер құрады, Басқарма мүшелері мен бизнес бөлімшелерінің сындарлы бағалауына және тәуекелдерді анықтауына ықпал етеді.

Комплаенс бақылау бөлімшесі Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау

туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты құру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамаларының, Банк қызметіне әсер ететін шет мемлекеттердің заңнамасының, сонымен қатар Банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу тәртібін реттейтін Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға арналған процедураларды ұйымдастырады, сондай-ақ Директорлар кеңесіне комплаенс тәуекелдердің болуы туралы толық әрі шынайы ақпаратты ұсынады;

үшінші қорғаныс желісін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің, бірінші және екінші қорғаныс желісінің сапасы мен тиімділігін бағалау үшін жауапты тәуелсіз ішкі аудит бөлімшесі қамтамасыз етеді;

15) Банк Басқармасының қызметіне:

Банк Басқармасының Директорлар кеңесі бекіткен стратегиялар мен саясатты, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін іске асыруына мониторинг жүргізу;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына (бұдан кейін – Қағида) сәйкес Банк Басқармасының қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

ішкі бақылау жүйесін енгізуді қамтамасыз ету;

Банк Басқармасының мүшелерімен кездесулерді тұрақты түрде өткізу;

Басқарма ұсынған деректерге талдау жасау және оны сындарлы бағалау;

Басқарма мүшелеріне Банктің стратегиясында белгіленген және қаржылық тұрақтылыққа бағытталған ұзақмерзімді мақсатқа сай келетін нәтижелілік пен еңбекақы төлеу жүйесінің қажетті стандарттарын белгілеу арқылы бақылау жасау;

16) бірлесіп әрекет ету және тәуекел менеджменті басшысының жұмысын бақылау;

17) Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті мен біліктілігін талдау процесін сипаттайтын Банктің ішкі процедураларына сәйкес Банктің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін мерзімді (кем дегенде жылына бір реті) бағалау

18) қабылданған шешімдердің жазбасын (мәжіліс хаттамалары, қарастырылған мәселелер туралы қысқаша ақпарат, ұсыныстар (болған жағдайда), сонымен қатар Банктің Директорлар кеңесінің айрықша пікірлері) жүргізуді қамтамасыз ету. Мұндай құжаттар және (немесе) материалдар Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті органға талап етуі бойынша ұсынылады;

19) тәуекелдерді басқару мақсатында толық, шынайы, уақытылы ақпаратты жинау және талдау үшін ақпараттық технологиялардың дамыған инфрақұрылымын қамтамасыз ету. Тәуекел тәбетінің деңгейлерін анықтау бойынша ақпараттық технологиялардың шектеулі инфрақұрылымының болуы туралы хабардар болу;

20) қарыз берудің жөнделігін талдаудың және бағалаудың негізінде мөлшері Банктің меншікті капиталының 5 (бес) пайызынан асатын қарызды беру туралы шешім қабылдау;

21) банктік қарызды берудің жөнделігін талдаудың және бағалаудың негізінде мөлшері 20 000 000 (жиырма миллион) теңгеден асатын кепілсіз тұтынушылық қарызын беру туралы шешім қабылдау.

4. Банктің Директорлар кеңесі қызметтің таңдалған бизнес үлгісіне, ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және Банктің қызметіне тән елеулі тәуекелдерді өтеу үшін Банктің қажетті меншікті капитал мен өтімділіктің көлемін анықтауы мақсатында Банктің елеулі тәуекелдерін анықтау, өлшеу және бағалау, оған мониторинг жүргізу, бақылау және барынша азайту процедураларын жүргізудің тиесілі процесін қамтамасыз етеді.

5. Банктің Директорлар кеңесі өтімділік тәуекелін басқаруға және тәуекел-тәбет деңгейін анықтауға жауапты. Банктің Директорлар кеңесі есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей КЖБП және ӨЖБП сақтау туралы есепті бекітеді. КЖБП және ӨЖБП аясында Банктің Директорлар кеңесі бекітілген тәуекел тәбеті стратегиясын сақтау үшін жауапты.

6. Тәуекел тәбеті стратегиясы аясында Банктің Директорлар кеңесі тәуекел тәбеті өтінішін құрады.

7. Тәуекел тәбетін анықтау мақсатында Банктің Директорлар кеңесі тәуекел тәбетінің агрегатталған деңгейін (деңгейлерін) және әрбір елеулі тәуекел түрі бойынша тәуекел тәбетінің деңгейлерін белгілейді.

8. Банктің Директорлар кеңесі жеткілікті өкілеттіктерге ие, тәуелсіз және Директорлар кеңесімен бірлесіп әрекет ететін ресурстарға ие тәуекел менеджментті басшысы жетекшілік ететін және (немесе) басқаратын тәуекелдерді басқару бөлімшесінің (бөлімшелерінің) болуын қамтамасыз етеді.

9. Елеулі тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банктің Директорлар кеңесі, тәуекелдерді басқару комитеті мен тәуекел менеджменті басшысы Банктің қызметіне тән тәуекелдерді тұрақты түрде бағалайды, сонымен қатар Банктің тәуекел профилін актуалды күйде сақтайды. Ақпарат алмасуға байланысты мәселелердің шешімін табу үшін Директорлар кеңесі, Басқарма және Банктің бақылау жүргізетін бөлімшелері ішкі коммуникациялар жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етеді және қажет болған кезде сәйкес өзгерістер енгізеді.

10. Банктің Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және тәуекел тәбетінің деңгейін (деңгейлерін) анықтау мақсатында капиталдың жеткіліктілігін басқару үшін жауап береді.

11. Банктің Директорлар кеңесі капиталдың жеткіліктілігінің қажетті деңгейін сақтау туралы ақпаратты қамтитын КЖБП-ны сақтау бойынша есепті бекітеді.

12. Директорлар кеңесі пен Банктің тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет келесі көрсетілгендерді қамтамасыз етеді:

1) провизияның жеткілікті деңгейін сақтау;

2) кредиттік тәуекелді бағалау процесіне бақылау жасау. Бұл төменде көрсетілгендер арқылы қамтамасыз етіледі:

шешім қабылдау мақсатында ақпараттың толық және шынайы болуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылдау;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы», «Қазақстан Республикасында кредиттік бюролар және кредиттік тарихты құру туралы» заңының, кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі ішкі саясаттың және процедуралардың талаптарын сақтау;

толық және шынайы басқарушылық, реттеуші, сондай-ақ қаржылық есептілікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

бизнес бөлімшелерге тәуелді болмайтын қарыздарды бағалау процедурасының болуы;

қарыздарды бағалау процесінде барлық қолжетімді ақпаратты пайдалануға негізделген кредиттік тәуекел деңгейі бойынша активтерді жіктеудің барабар жүйесін бекіту;

кредиттік тәуекелді басқару процесіне қатысушылардың арасындағы бірлесіп әрекет етудің түбегейлі әрі толық көлемде реттелген процедураларының болуы;

3) бекітілген провизия құру әдістемесі мен капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесінің аясында провизияның күтілетін ысыраптардың деңгейіне сәйкестігін бағалауды қамтитын ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру.

13. Банктің қызметінде елеулі ауытқушылықтардың болуына жол бермеу мақсатында Директорлар кеңесі ауытқушылықтардың көлемі (қарыз сомасы) және (немесе) санына шектеу қойып, белгіленген шектеулердің сақталуына бақылау жасайды.

14. Банктің Директорлар кеңесі рейтинг үлгісін және (немесе) скоринг жүйесін әзірлеу, оларды енгізу, қолдану және қызметін бақылау үшін жауапты бөлімшені белгілейді.

15. Банктің Директорлар кеңесі ағымдағы нарықтық ахуалға, даму стратегиясына, активтердің көлеміне және Банк операцияларының күрделілік деңгейіне сәйкес келетін нарықтық тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

16. Банктің Директорлар кеңесі Банктің ұйымдық құрылымының барлық деңгейлерінде Банктің тәуекелдерді басқарудың жалпы процесіне, сондай-ақ жаңадан құрылатын өнімдерге, қызмет түрлеріне, процестер мен жүйелерге толық интеграцияланған операциялық басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және оны өтеу үшін меншікті капиталдың жеткілікті болуын қамтамасыз ету мақсатында Банктің операциялық тәуекелін тиімді анықтауды, өлшеуді, оған мониторинг жүргізуді және бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

17. Операциялық тәуекелді басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында Директорлар кеңесі келесі көрсетілгендер үшін жауапты:

1) операциялық тәуекелді басқару саясатын бекіту;

2) операциялық тәуекелді басқарудың тәуекел мәдениетін құру;

3) сыртқы факторлардың әсерінен пайда болған операциялық тәуекелді, сонымен қатар тәуекел деңгейі мен түрінің өзгеруін қоса алғанда, жаңа өнімдерге, қызмет түрлеріне, процестерге немесе жүйелерге байланысты операциялық тәуекелдерді уақытылы анықтау және басқаруды қамтамасыз ету;

4) операциялық тәуекелді басқарудың ең озық тәжірибесін қолдану үшін тиісті жағдайды қамтамасыз ету;

5) операциялық тәуекелге қатысты тәуекел тәбетінің деңгейін бекіту және оған бақылау жүргізу, сондай-ақ тұрақты түрде қайта қарау.

18. Банктің Директорлар кеңесі стресс тестілеу өткізу процедураларын, сценарийлерін (соның ішінде экономикалық өсім кезеңдеріндегі консервативті сценарийлерді де қарастырады) бекітуге қатысты стресс тестілеу процесіне, нәтижелерді бағалауға, сонымен қатар стресс тестілеу барысында анықталған капитал тәуекелі мен өтімділік тәуекелін барынша азайту бойынша шаралар қабылдауға белсенді түрде қатысады.

Банктің Директорлар кеңесі стресс тестілеу сценарийлері мен қабылданған нормаларды, сондай-ақ стресс тестілеу нәтижесін бекітеді.

Банктің Директорлар кеңесі стресс тестілеу сценарийін елеулі өзгерістердің болуына тұрақты түрде қайта қарайды.

Банктің Директорлар кеңесі стресс тестілеу процесінің нәтижесін Банктің стратегиялық және бюджеттік жоспарлау процесіне интеграциялайды.

Банктің Директорлар кеңесі күтпеген оқиғалар кезінде, оның ішінде процестің кемшіліктерін жою мақсатында капиталдың жеткіліктілігін сақтау процесінде стресс тестілеу нәтижесін ескереді.

Банктің Директорлар кеңесі жоспардағы кемшіліктерді түзету мақсатын қоса алғанда, стресс тестілеу нәтижесін қаржыландыру жоспарын бағалауға және жоспарлауға қосады.

19. Жыл сайын Банктің Директорлар кеңесі меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі, сонымен қатар Банктің Директорлар кеңесіне қолжетімді басқа ақпараттың аясында анықталған нәтижелердің негізінде капиталдың жеткіліктілігін бағалайды.

20. Банктің Директорлар кеңесі өтімділік тәуекелін басқару және тәуекел тәбеті деңгейін анықтау үшін жауапты.

21. Директорлар кеңесі, тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет және Банк Басқармасы қор құру көзінің сипаттамалары мен оны әртараптандыру туралы хабардар, сондай-ақ ішкі және сыртқы ортаның өзгерісіне дереу ден қою мақсатында қор құру стратегиясын мерзімді түрде қайта қарайды.

Банктің Директорлар кеңесі, тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет және Басқарма болашақта өтімділікті қамтамасыз ету кезінде тиімділікті бағалау мақсатында қор құрудың әрбір көзінен ақша қаражатын жедел тарту бойынша қабілетті мерзімді түрде бағалайды және бақылайды.

Банктің Директорлар кеңесі төтенше жағдайларда өтімділік тапшылығын жою процесі нақты белгіленген қаржыландыру жоспарын бекітеді.

22. Банктің Директорлар кеңесі Банк қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе ағымдағы нарықтық ахуалға, Банктің стратегиясына, активтердің көлеміне, Банк операцияларының күрделілік деңгейіне сәйкес келеді.

Банктің Директорлар кеңесі басқарушылық ақпарат жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйеде қызметтің үздіксіздігін басқару процедуралары мен процестерін енгізудің мәртебесі, ішкі процедуралар мен саясатты бұзудың анықталған фактілері, оқиғалар, тексеру нәтижелері, сондай-ақ банктің тұрақтылығы мен белгілі операцияларды қайта қалпына келтіру қабілетін арттыру бойынша жоспарлар туралы ақпаратты қамтылады, бірақ онымен шектелмейді.

23. Банктің Директорлар кеңесі ақпараттық технологиялар тәуекелін басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе сыртқы операциялық ортаға, Банктің стратегиясына, ұйымдық құрылымға, активтердің көлеміне, Банк операцияларының күрделілік сипаты мен деңгейіне сәйкес келіп, ақпараттық технологиялар тәуекелін барынша азайтуды қамтамасыз етеді.

24. Банктің Директорлар кеңесі ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе сыртқы операциялық ортаға, Банктің стратегиясына, ұйымдық құрылымға, активтердің көлеміне, Банк операцияларының күрделілік сипаты мен деңгейіне сәйкес келіп, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін барынша азайтуды қамтамасыз етеді.

25. Банктің Директорлар кеңесі Банктің комплаенс тәуекелді басқару процедурасын бақылайды, Банкте комплаенс бақылау бөлімшесін құрады, бас комплаенс-бақылаушыны лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады, комплаенс тәуекелді басқару саясатын бекітеді.

26. Банктің Директорлар кеңесі мен ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет ішкі аудит бөлімшесі жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

27. Операциялардың жекелеген түрлерін орындау және (немесе) бизнес процестерді жүзеге асыру үшін аутсорсингке сыртқы мердігерлер тартылған жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі сыртқы мердігерлерді тарту нәтижесінде пайда болған тәуекелдерді басқарудың тиімді принциптері мен тәжірибесінің болуын қамтамасыз етеді.

28. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, соның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды, сондай-ақ мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді құрған кезде асырып пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше оларды жоюға;

2) Банктегі корпоративтік басқарудың тиімді тәжірибесін бақылауға тиісті.

29. Директорлар кеңесі шамадан тыс тәуекелдерді қабылдауды құптамайды, барлық қабылданатын шешімдер белгіленген тәуекел критерийлері мен тәуекелдерді басқарудың қабылданған мәдениетіне сәйкес келуі тиіс. Өрескел жүріп-тұру және/немесе бұзушылықтар шара қабылдап, жауапкершілікке тартуға әкеліп соғады. Тек Банк мүддесінде іс-әрекет ететін жұмыскерлер ынталандырылады. Директорлар кеңесі әрбір жұмыскерге жағдай жасап, жұмыскерді оған белгілі болған тәуекел оқиғалары туралы екінші қорғаныс желісінің сәйкес бөлімшелеріне хабарлауға, сондай-ақ Корпоративтік этика кодексінің талаптарын орындауға міндеттейді. Жоғары тәуекел мәдениетін сақтау үшін:

1) бірінші қорғаныс желісінің әрбір жұмыскері:

- ағымдағы тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілігі;

- тәуекелдер туралы мәліметтерді анықтау, бағалау және ұсыну үшін міндеті;

- Банктің тәуекел тәбеті мен сәйкес саясатты, процедураларды және бақылау жүйелерін есепке ала отырып, өзінің іс-әрекеттері мен шешімдерін бақылауы арқылы тәуекелдерді басқару процесіне белсенді түрде қатысады. Бірінші қорғаныс желісі бөлімшелерінің тәуекел тәбетін есепке ала отырып, өзінің міндеттерін орындау қабілеті Банкте қабылданған тәуекелдерді басқару мәдениетін сипаттайды;

2) екінші қорғаныс желісі бірінші қорғаныс желісіне тәуелді болмайтын тәуекел тәбетінің деңгейіне мониторинг жүргізу және бақылау жасау, тәуекелдерді бағалау және ағымдағы тәуекел деңгейі мен тәуекелдерді басқару мәдениеті туралы шоғырландырылған уақытылы толық және шынайы есептілікті Директорлар кеңесіне ұсыну қызметін қосымша жүзеге асырады. Екінші қорғаныс желісі бірінші қорғаныс желісі жүргізген бағалауға сүйенумен қатар, жоғары басшылық пен басқа басшыларды тәуекелдерді анықтауға және сындарлы бағалауға тартады. Екінші қорғаныс желісі Директорлар кеңесіне ұсынылатын Банкке тән тәуекелдер, тәуекел тәбетінің ағымдағы деңгейі, сондай-ақ тәуекелді есептеу үшін қолда болмайтын немесе жеткіліксіз деректер туралы ақпараттың уақытылы, толық және шынайы болуын қамтамасыз етеді.

30. Заңнамада көзделген мәселелермен қатар Директорлар кеңесінің құзыретіне қосымша мәселелер де жатқызыла алады. Бұл мәселелер Банктің ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретін шектеудегі көмескілікке жол бермейтіндей түрде белгіленуі тиіс.

16-бап. Банктің Директорлар кеңесінің құрамы

1. Банктің Директорлар кеңесінің құрамы мен оның мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптары келесі көрсетілгендерге жауап береді:

1) Банктің Директорлар кеңесінің құрамы мен оның өкілеттігі тиімді бақылау жасау үшін жеткілікті;

2) Банктің Директорлар кеңесі қажетті біліктілікке ие, мінсіз іскерлік беделі мен қызметтің таңдалған бизнес үлгісіне, ауқымына, операциялардың түрі мен күрделілігіне сәйкес жиынтық түрде алғанда Банкті жалпы басқару үшін жеткілікті тәжірибесі бар тұлғалардан тұрады;

3) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері бірлесіп әрекет етуге, ынтымақтастық құруға және шешім қабылдау процесінде сындарлы талқылау құруға бағытталған;

4) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері өзінің міндеттерін адал орындап, шешім қабылдайды, сондай-ақ мүдделер қақтығысын барынша азайтады.

2. Директорлар кеңесінің құрамын Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

3. Тек жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) жеке тұлға акционерлер;

2) акционерлердің мүдделерін танытатын өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;

3) Банктің акционері болып табылмайтын және акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалар арасынан сайланады.

4. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің мәжілістерін өткізеді, сондай-ақ Жарғыда белгіленген басқа қызметтерді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

5. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайды.

6. Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесінің құзырына жататын шешімдерді қабылдау үшін қажетті білімі, дағдысы және тәжірибесі болуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптары Акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді.

7. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Сандық құрамды анықтаған кезде мүшелер саны Директорлар кеңесіне нәтижелі, салиқалы жарыссөз жүргізуге, жедел және парасатты шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Директорлар кеңесі Комитеттерінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей белгіленуі керек.

8. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар қосылады. Тәуелсіз директорлар ретінде Директорлар кеңесінің:

1) Банктің үлестес тұлғалары болып табылмайтын және Директорлар Кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болмаған (олардың Банктің тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайларды есептемегенде);

2) Банктің үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын;

3) Банктің немесе Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын ұйымның лауазымдық қызметкерлерімен бағыныштылық байланысы жоқ және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жылдың ішінде аталған тұлғалармен бұрын бағыныштылық қатынасы болмаған;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын;

5) Аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Банк аудитіне қатыспайтын және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;

6) Банк органдарының мәжілістерінде акционердің өкілі болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болмаған мүшелері танылады.

9. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызын құрауы тиіс.

10. Тәуелсіз директор өзін тәуелсіз директор болудан қалуға әкеліп соғуы мүмкін іс-әрекетті орындамауы керек. Егер Директорлар кеңесіне сайланғаннан кейін тәуелсіз директордың тәуелсіз болудан қалуына әкеліп соғуы мүмкін өзгерістер немесе жағдайлар туындаса, онда осы директор Директорлар кеңесіне өтініш беріп, осындай өзгерістер мен жағдайларды сипаттауға міндетті. Осы жағдайда, сондай-ақ Директорлар кеңесіне жоғарыда көрсетілген өзгерістер мен жағдайлар туралы басқа ақпарат көзінен белгілі болған жағдайда, Директорлар кеңесі бұл туралы акционерлерге хабарлауға міндетті, ал қажет болғанда Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыра алады. Директорлар кеңесінің жаңа құрамын

сайлау тәртібі мен негіздері Банктің Жарғысында белгіленеді.

11. Тәуелсіз директорлар туралы ақпарат Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында оларды Директорлар кеңесінің құрамына ұсынған сәтте жарияланады.

12. Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің әр алуан пікірлерін ескеретін, Директорлар кеңесі құрамының заңнама талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін және тәуелсіз директорларды сайлауға мүмкіндік беретін ашық процедура арқылы сайланады.

13. Акционерлерге үміткердің білімі туралы ақпарат, соңғы 3 (үш) жыл ішінде атқарған қызметі туралы мәліметтер, Банкке үлестестігі туралы мәліметтер, Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайланатын үміткер қай акционердің өкілі болып табылатындығы немесе ол Банктің тәуелсіз директорының лауазымына үміткер болып табылатындығы туралы мәліметтер, егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер акционер немесе Банктің акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлға болып табылса, берілуі тиіс және акционерлер тізімін құрастырған күні акционердің қоғамның дауыс беретін акцияларын иелену үлесі туралы деректерді қосу қажет.

14. Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат үміткер болған жағдайды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Банк Жарғысына сәйкес кумулятивті дауыс беру арқылы жүргізіледі.

15. Директорлар кеңесі мүшесінің жеке қасиеттері мен оның беделі оның Банктің мүддесінде жұмыс істейтініне күмән туғызбауы қажет.

16. Басқарма мүшелері, оның басшысын есепке алмағанда, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

17. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адам.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз бірнеше рет қайта сайлана алады.

18. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылады. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері Акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау арқылы жүзеге асырылады. Егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

19. Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына ұсынылатын үміткерлерге уәкілетті орган келісім беруі қажет.

20. Директорлар кеңесі корпоративтік басқару принциптеріне сәйкес өз қызметін ашық бағалау жүйесін құрады.

Директорлар кеңесі жұмысының тиімділік дәрежесін анықтау үшін Банк келесі тәсілдердің бірі:

1) Директорлар кеңесінің мерзімде түрде өз бетінше (өзін өзі бағалауы);

2) тәуелсіз кеңес берушіні тарту арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалау бойынша іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз етеді

Банктің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін бағалау тәртібі мен бағалау жүргізу мерзімі ішкі нормативтік құжаттарда реттелген.

17-бап. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Директорлар кеңесінің мүшелері өздеріне жүктелген міндеттемелерін адал және парасатты түрде Банктің мүддесін қорғай отырып жүзеге асыруы қажет.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері парасатты шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, осындай қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

3. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің міндеттерін орындауға байланысты шешім қабылдауға мүдделі тұлғалардан сыйлық алмауға, сондай-ақ осындай тұлғалар ұсынған қандай да бір тікелей немесе жанама пайда көрмеуге тиісті (жалпы қабылданған сыпайылық ережелеріне сәйкес көңіл бөлу белгілерін немесе ресми іс-шаралар өткізген кезде кәдесыйлардан басқа). Бұл Банктің ішкі құжатында арнайы сипатталған.

4. Директорлар кеңесінің мүшелері өз мүддесі мен Банк мүддесі арасында қайшылық туғызатын немесе болашақты туғызуы мүмкін іс-әрекетті орындамайды, ал мұндай қайшылық болған немесе туындаған жағдайда – ол туралы Директорлар кеңесіне мәлімдеп, іс-әрекетті орындау тәртібін қадағалау жөнінде шаралар қолдануға немесе Директорлар кеңесі мүшесінің мүддесі бар мәмілені жасауға міндетті.

5. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүддесі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша дауыс беруге қатыспайды. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі Корпоративтік хатшы арқылы Директорлар кеңесіне осындай мүдде туралы және оның пайда болу негіздері туралы тез арада мәлімдеуі керек.

Олардың жеке мүддесі бар мәмілелер бойынша дауыс беруге қатыспау факті Директорлар кеңесінің шешімінде «Дауыс беруге қатысқан жоқ» деген мәтін арқылы міндетті түрде белгіленеді.

Егер Директорлар кеңесінің қаулысында мәміле жасау, қаржыландыру талаптарын белгілеу және Банк пен заңды және/немесе жеке тұлға арасындағы өзара қарым-қатынастың өзге критерийлері көзделсе, онда Директорлар кеңесі қаулысының мәтінінде аталған заңды (жеке) тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкпен айрықша қатынастағы тұлға болып табылмайтыны (табылатыны) көрсетілуі тиіс.

6. Директорлар кеңесінің мүшелері Банктің басқа лауазымды тұлғалары сияқты өздеріне жүктелген міндеттемелерді адал орындап, қоғам мен акционерлердің мүддесін ең жоғары дәрежеде сипаттайтын тәсілдерді пайдаланады.

7. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін жүзеге асыру барысында басқа тұлғалардың – Банктің жұмыскерлерінің, контрагенттерінің, мемлекеттің және Банк немесе оның оқшауланған құрылымдық бөлімшесі орналасқан аймақтағы аймақтық органдардың мүдделерін ескеруі керек.

8. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттерінің мәжілістеріне қатысады.

9. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Кеңес мәжілісіне қатысуға мүмкіндігі болмайтыны туралы Директорлар кеңесіне алдын ала хабарлап, оның себебін түсіндіреді.

10. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі қандай да бір мәселені талқылау үшін, егер оның ойынша мұндай мәселе Банктің мүддесі үшін шұғыл түрде талқылап, ол бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауын талап етсе, Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге құқылы.

11. Директорлар кеңесінің мүшесі мақұлдауды алғаннан кейін, басқа қоғамдардың Директорлар кеңесіне мүше болып сайлануға немесе өздерінің кандидатурасын басқа қоғамдардағы лауазымдарға сайлау туралы ұсыныстарды қабылдауға құқылы. Осы ретте Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесіндегі өз міндеттерін орындауы үшін жеткілікті уақыты болуы керек.

12. Директорлар кеңесінің мүшесі Банк туралы конфиденциалды ақпаратты және инсайдердің ақпаратты жарияламауға және оны өз мүддесінде немесе басқа тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауға тиісті.

13. Директорлар кеңесінің мүшелері осындай ақпаратты қорғау үшін тиісті шаралар қолдануға міндетті. Сонымен қатар Банк туралы конфиденциалды ақпаратқа қол жеткізе алатын Директорлар кеңесінің мүшелері осындай ақпаратқа қол жеткізе алмайтын басқа тұлғаларға хабарламауы тиіс, сондай-ақ өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауы тиіс.

14. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесіне Банктің немесе оның еншілес (тәуелді) қоғамдарының бағалы қағаздарымен мәміле жасағаны туралы хабарлауға, сондай-ақ маңызды жағдайлар туралы ақпаратты жариялау үшін белгіленген тәртіпте осындай бағалы қағаздармен жасаған мәмілелері туралы ақпаратты жариялауға міндетті.

15. Директорлар кеңесінің мүшелері өздеріне жүктелген міндеттемелерді адал орындап, Банк пен акционерлердің мүддесін ең жоғары дәрежеде сипаттайтын тәсілдерді пайдаланады.

16. Директорлар кеңесінің мүшелері Банктің мүлкін пайдаланбауы тиіс немесе оны Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуі және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауы тиіс.

17. Директорлар кеңесінің мүшелері тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті.

18. Директорлар кеңесінің мүшелері Банктің қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды.

18-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

1. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін жалпы сыйақы Банктің еңбекақы төлеу қорының бес пайызы мөлшерінде белгіленеді. Сыйақы төлеудің талабы Банктің Директорлар кеңесінің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне және оның басшысына сыйақы бөлу туралы шешімі болып табылады.

2. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін шығыстарды өтеу нақты шығындар мөлшерінде белгіленеді және мұндай шығыстар құжаттамалық расталған жағдайда Банктің шығыстары есебінен жүргізіледі.

19-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

1. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді.

2. Директорлар кеңесінің мүшесі Банкке шығын келтіргені үшін кінәлі болған және Банктің алдындағы міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған жағдайда, Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін тоқтату туралы ұсыныстар әзірлейді (белгілейді).

20-бап. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілістері

1. Директорлар кеңесінің мәжілісі Банк Төрағасының немесе Басқармасының бастамасымен:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырыла алады.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылатын күн тәртібі қамтылған сәйкес жазбаша хабарламаны жөнелту арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті Басқармаға көрсетілген талаппен жолығуға құқылы.

Егер Банктің Жарғысымен өзге мерзім белгіленбесе, Директорлар кеңесінің мәжілісін Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

Егер Банктің Жарғысымен өзге мерзім белгіленбесе, күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын ұсынылады.

2. Банк Жарғысында ірі акционерлердің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап ету құқығы көзделген.

Директорлар кеңесінің Төрағасы акционерлердің бастамасымен ұсынылған мәселелерді қарастыру тәртібін қолданыстағы заңнамаға және Банктің Жарғысына сәйкес өз бетінше белгілейді.

3. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысын құрайды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері (қаулылары) мәжіліске қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен мәжілісінде Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер хаттамамен ресімделеді, аталған хаттама мәжіліс өткен күннен бастап жеті күн ішінде құрылып, оған мәжілісте төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға тиісті, сондай-ақ осы хаттамада:

1) Банктің Басқармасы толық атауы және орналасқан жері;

2) мәжілістің өткізілген күні, уақыты және орны;

3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

4) мәжілістің күн тәртібі;

5) Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге ұсынылған мәселелер мен олар бойынша дауыс беру қорытындысы;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

4. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

Белгіленген мерзімде қабылданған бюллетеньдерде кворум болған кезде сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып танылады. Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесі қаулысына оның тегі мен инициалдары көрсетіліп, қойған қолы (бұрыштамасы) бюллетеньге теңдестіріледі.

Директорлар кеңесі мәжілісінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің Төрағасы мен хатшы қол қоюы тиіс.

Директорлар кеңесі мәжілісінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімі кейін Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілетін мәжілісінде бекітілуі мүмкін.

5. Директорлар кеңесі жанындағы Банк комитеттерінің жеке құрамы оған Директорлар кеңесі мүшелерінің белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

6. Директорлар кеңесі мәжілісі тұрақты түрде өтеді, сонымен қатар қажет болған кезде қарастырылатын мәселенің маңыздылығына орай сырттай нысанда өтеді.

21-бап. Банктің Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

1. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істеуін және оның Банктің басқа органдарымен бірлесіп іс-әрекет етуін қамтамасыз етуі тиіс.

2. Директорлар кеңесін оның Төрағасы басқарады. Төраға заңнамаға және Банктің Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің тиімді шешімін қамтамасыз етуге тартылған.

3. Директорлар кеңесінің Төрағасы болып Банк қызметі саласында мінсіз кәсіби беделі мен басшы лауазымдарда мол тәжірибесі бар, адалдық,

табандылық, Банк мүддесіне бейілділік қасиеттеріне ие, сондай-ақ акционерлер мен Директорлар кеңесі мүшелері арасында кіршіксіз беделі бар тұлға сайланады.

4. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мәжілістерінің күн тәртібін құру үшін жауап береді, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ең тиімді шешім қабылдауды және қажет болғанда, осы мәселелерді еркін талдауды ұйымдастырады, сондай-ақ Директорлар кеңесі мәжілістерінің игілікті әрі ұтымды ортада өтуі үшін жағдай жасайды.

5. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің қаралып жатқан мәселелер бойынша өз пікірін айтуына жағдай жасауды қамтамасыз етуі, Директорлар кеңесі мүшелерінің акционерлердің мүддесінде келісілген шешім табуына ықпал жасауы керек. Бұл ретте ол табандылық танытып, Банктің мүддесін қорғауы қажет

6. Директорлар кеңесінің Төрағасы Банктің басқа органдарымен және лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланыс орнатып, оны дамытуға ықпал жасайды. Мұндай байланыстың мақсаты – Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы үшін қажетті барынша толық және шынайы ақпаратты уақтылы алу ғана емес, сондай-ақ мүмкін болған жерде, осындай органдар мен лауазымды тұлғалар арасында, сондай-ақ үшінші тұлғалар арасында тиімді түрде бірлесіп әрекет етуді қамтамасыз ету.

7. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі комитеттерінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби біліктілігі мен жеке қасиеттеріне қарай және Директорлар кеңесі мүшелерінің комитеттерді құру жөніндегі ұсыныстарын ескере отырып, оларды комитеттерге ұсынуға бастамашылық танытуды өзіне жүктейді, қажет болған жағдайда жалпы алғанда комитет қарайтын мәселелерді Директорлар кеңесінің мәжілісіне шығаруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі Комитеттерінің тиімді еңбек етуін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастыру шараларын қолданады. Комитеттердің төрағалары Директорлар Кеңесінің Төрағасына өз комитеттерінің жұмысы туралы хабарлап отырады.

8. Директорлар кеңесінің мәжілістері тұрақты түрде, бірақ бір тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі. Директорлар кеңесінің бірінші мәжілісі Директорлар кеңесі сайланған Акционерлер жиналысынан кейін ғана өткізіледі.

9. Директорлар кеңесінің мәжілістерін қатысу тәртібімен, сондай-ақ сырттай түрде өткізуге болады.

10. Төмендегі мәселелер бойынша шешім негізінде Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген мәжілістерінде қабылданады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын, даму стратегиясын және жылдық бюджетін бекіту;

2) Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру, сондай-ақ оны шақыру және өткізу үшін қажетті шешімдерді қабылдау;

3) Банктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

4) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру немесе оны шақырудан бас тарту;

5) Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау және қайта сайлау;

6) Банк Басқармасын сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Банк Басқармасының өкілеттіктерін тоқтату және уақытша жеке-дара атқару органын тағайындау;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына Банкті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы ұсыныстар беру;

9) жарияланған акциялардың саны мен санаты (түрі) шегінде қосымша акциялар орналастыру арқылы жарғылық капиталды арттыру;

10) таза табысты бөлу жөніндегі ұсыныстар.

11. Егер Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінде Банк Президентін, Басқарма мүшелерін таңдау туралы мәселе болса, онда Директорлар кеңесінің мәжілісіне осы лауазымдарға үміткерлердің өздері қатысуы қамтамасыз етіледі. Олар қатыспаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшелеріне үміткердің сәйкес лауазымға тағайындалуына жазбаша келісімі тапсырылады.

12. Банк Президенті, Басқарма мүшелері мен негізгі құрылымдық бөлімшелердің басшылары Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің сауалы бойынша толық және шынайы ақпаратты уақытылы беруге міндетті және осы міндетті орындау үшін жауап береді. Ақпаратты Басқарма Банктің Корпоративтік хатшысы арқылы тікелей Директорлар кеңесінің мүшесіне береді.

22-бап. Банктің Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Банк қызметінің жеке бағыттары бойынша тиімділікті әрі жан-жақты жұмыс жасауды арттыру мақсатында, сондай-ақ Банк қызметінің таңдалған бизнес үлгісіне, ауқымына, операциялардың, тәуекел профилінің түрлері мен күрделілігіне байланысты Банктің Директорлар кеңесі Банктің Директорлар кеңесі жанындағы арнайы комитеттерді құрады.

Әрбір комитет өзінің өкілеттіктері, құзыреті, сонымен қатар жұмыс принциптері, Банктің Директорлар кеңесіне есеп берудің ішкі тәртібі, комитет мүшелерінің алдына қойылған міндеттер мен комитеттегі Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмыс мерзімі бойынша шектеулер белгіленген құжаттың аясында өз қызметін жүзеге асырады. Банктің Директорлар кеңесі өкілеттіктердің шоғырлауына жол бермеу және жаңа көзқарастардың ұсынылуына ықпал ету үшін осындай комитет мүшелерінің (сарапшыларды есепке алмағанда) мерзімді орын ауысуын көздейді

Комитеттер қабылдан шешімдердің (мәжіліс хаттамалары, қарастырылған мәселелер туралы қысқаша ақпарат, ұсыныстар (болған жағдайда), сонымен қатар комитет мүшелерінің айрықша пікірлері) жазбасын жасайды. Атқарушы органның басшысы немесе мүшесі болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі жанындағы комитеттің Төрағасы болып табылады.

2. Тәуекелдерді басқару жүйесінің аясында Банктің Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарастырады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы;
- 3) аудит;
- 4) тәуекелдерді басқару;
- 5) әлеуметтік мәселелер;
- 6) Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарастыратын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, жоғарыда тізбектелген мәселелерді Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеті қарастырады.

3. Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына қойылатын талаптар мен олардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында, сонымен қатар олар туралы қағидаларда көзделеді. Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидаларды Директорлар кеңесінің қаулысы бекітеді.

Осы Кодекстің 22-бабының 2-тармағының 1), 2), 3), 5)-тармақшаларында көзделген мәселелерді қарастыратын Директорлар кеңесі жанындағы комитеттерді Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері ғана басқаруы тиіс.

Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетті Банктің тәуелсіз директоры немесе Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы басқарады.

4-ТАРАУ. БАСҚАРМА

23-бап. Банк Басқармасы

1. Банк Басқармасы Банк қызметінің таңдалған бизнес үлгісіне, ауқымына, операциялардың, тәуекел профилінің түрлері мен күрделілігіне және Банктің Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес Банктің ағымдағы қызметіне басшылық етеді.

2. Басқарма Банк мүддесінде қызмет етуге, яғни акционерлердің мүддесін қорғауды және Банктің даму мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей Банктің қызметіне басшылық жасауы керек.

3. Осы мақсатқа жету үшін Басқарма ең алдымен төмендегі міндеттердің шешімін табады:

1) Банктің күнделікті жұмысы үшін және оның Банктің бюджетіне сәйкес келуі үшін жауап береді;

2) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін адал, уақытылы және тиімді орындайды.

4. Өзіне жүктелген қызметтерді орындай отырып, Басқарма Банктің активтерін басқару жөнінде кең ауқымды өкілеттіктерге ие болады, сол себепті Басқарма жұмысы акционерлер тарапынан оған қатысты сенімсіздік туғызбайтындай ұйымдастырылуы тиіс. Ал сенім Басқарманың лауазымды тұлғаларының жеке және кәсіби қасиетіне қойылатын жоғары талаптармен, сондай-ақ Банкте акционерлер тарапынан тиімді бақылау жасау жөніндегі қолданыстағы процедуралар арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

5. Басқарма Банктің келесі басқарушы жұмыскерлерінен құралады:

1) Банктің Президенті – Банктің атқарушы органының басшысы;

2) Банктің бірінші Вице-Президенті, Басқарма мүшесі – басшының бірінші орынбасары, Банктің атқарушы органының мүшесі;

3) Банктің Вице-Президенті, Басқарма мүшесі – басшының орынбасары, Банктің атқарушы органының мүшесі.

24-бап. Банк Басқармасының құзыреті

1. Басқарманың құзыретіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңы, Қазақстан Республикасының өзге заң актілері және Банк Жарғысы бойынша Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Банктің ағымдағы қызметіне басшылық етудің аса күрделі мәселелерінің шешімін табу жатады.

2. Басқарма Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады.

3. Банк Басқармасының құзыретіне:

1) кредит беруге, есептеуге, қолма-қол ақшамен жасалатын операцияларға, ақша мен құндылықтарды сақтау үшін жауапты тұлғаларға, бухгалтерлік кітаптар мен есеп құжаттарын жүргізуге, бағалы қағаздарды басқаруға, клиенттердің мүдделерін қорғауға қатысты мәселелердің және банктік қызметке байланысты басқа да мәселелердің шешім табуды бақылау;

2) Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылатын мәмілелерді мақұлдау;

3) Банктің жылдық есептерін, сондай-ақ баланстық есептерін әзірлеу жатады.

4. Банк Басқармасы өз құзыретінің шегінде:

1) ішкі нормативтік құжаттарды және/немесе өзге құжаттарды бекітеді

2) Банк Жарғысының және Филиалдар мен өкілдіктер туралы қағидалардың жобаларын әзірлейді;

3) Жарғыда, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген басқа да қызметтерді атқарады.

5. Банк қызметі Директорлар кеңесі бекітетін Банктің стратегиялық жоспары мен бюджетінің негізінде жүзеге асырылады. Аталған құжаттар Банктің ағымдағы қызметін жүргізген кезде басшылыққа алынады, ал оларды орындау Банктің ағымдағы қызметін басқару үшін жауап беретін Басқарма қызметінің тиімділігін бағалаудың басты талабы болып табылады.

25-бап. Банк Басқармасының жауапкершілігі

1. Банк Басқармасы:

1) Банк стратегиясын орындауды қамтамасыз ету, Банктің Директорлар кеңесі бекіткен процедураларды, процестерді және саясаттарды сақтау үшін;

2) кейін Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну үшін Банк стратегиясының жобасын әзірлеу, сонымен қатар стратегияның орындалуына мониторинг жүргізу және Банк стратегиясының ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекел профиліне және қаржылық әлеуетке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасының, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының, валюталық реттеу және валюталық қадағалау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес келуін бағалау үшін;

3) кейін Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну үшін тиісті жылға Банк бюджетінің жобасын әзірлеу үшін;

4) кейін Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну үшін Банктің рентабельділігін басқару саясатын әзірлеу, сонымен қатар Банк пен оның жұмыскерлерінің аталған саясатты сақтауына мониторинг жүргізу үшін;

5) стратегияны, саясаттарды және өзге ішкі құжаттарды олар бекітілген және (немесе) оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оған бекітілген қызмет учаскесі бойынша Банктің жұмыскерлеріне жеткізуді белгілейтін ішкі тәртіпті әзірлеу және Банк пен оның жұмыскерлерінің Ереженің талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу үшін;

6) кейін Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну үшін Банктің кадрлық саясатын әзірлеу, сонымен қатар оның Банктің стратегиясына, ұйымдық құрылымына, тәуекелдер профиліне, қол жеткізілген нәтижелерге және Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасының, акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуіне мониторинг жүргізу үшін;

7) кейін Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну үшін тарифтік саясатты әзірлеу үшін, сонымен қатар Банк пен оның жұмыскерлерінің тарифтік саясатты сақтауына мониторинг жүргізу үшін;

8) кейін Тәуекелдерді басқару комитетінің қарауына және Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну үшін Банктің кредит саясатын әзірлеу үшін;

9) қызметтің үздіксіздігін және (немесе) қызметті қалпына келтіруді қамтамасыз ету бойынша жоспарды (жоспарларды) бекіту үшін;

10) Банктің Директорлар кеңесіне Банктің белгіленген ішкі нормативтік құжаттарына және Ережелеріне сәйкес төмендегілерді қамтитын

Басқарма жұмысының сапасын бақылау және бағалау үшін қажетті ақпаратты ұсыну үшін жауап береді:

Банк Басқармасының Банктің стратегиясында белгіленген мақсаттарға қол жеткізуі, болған кезде оған қол жеткізуге кедергі келтіретін себептер;

Банк қызметінің Банктің Директорлар кеңесі бекіткен стратегияға және саясаттарға сәйкес келуі;

Банк қызметінің нәтижелері және оның қаржылық жағдайы, соның ішінде Банктің кірістілігінің тұрақтылығы (құбылмалылығы) туралы ақпарат;

Банк қабылдаған шешімдердің Банктің Директорлар кеңесі бекіткен процедураларға, процестерге және саясаттарға сәйкес келмеуі;

Бекітілген тәуекел-тәбет деңгейінің артуы және оларды бұзу себептері;

Комплаенс-бақылау, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және сыртқы аудит бөлімшелері және уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтар мен кемшіліктерді Банк Басқармасының уақытылы, толықтай және сапалы жоюы, сонымен қатар олардың ұсыныстарын орындау туралы ақпарат;

Дұрыс емес, толық емес немесе заңсыз операцияларды, активтерді сақтауды қамтамасыз ету қызметіндегі кемшіліктерді, қаржылық және реттеу есептілігін қалыптастырған кездегі қателіктерді, Банктің ішкі құжаттарына, Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасының, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының, валюталық реттеу және валюталық қадағалау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына қатысты бұзушылықтарды, сонымен қатар мүдделер қақтығысын жоюды және соның ішінде банкпен айрықша қатынастағы тұлғаларға қатысты ішкі қиянат пен алаяқтықты уақытылы анықтауға қатысты ішкі бақылаудың жай-күйі туралы ақпарат;

11) банктік қызметті көрсету процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарастырудың ішкі тәртібін әзірлеу, сонымен қатар осы тармақшада көзделген талаптарды банктің сақтауына мониторинг жүргізу үшін жауап береді. Клиенттердің өтініштерін қарастырудың ішкі тәртібі талаптарын ескереді және төмендегілерді белгілейді:

Клиенттердің шағымдары (өтініштері) бойынша істерді жүргізу процедурасы, оған қоса банкке келіп түсетін өтініштерді және клиенттердің өтініштеріне берілетін жауаптарды қабылдау, бастапқы өңдеу, тіркеу процедурасы;

Клиенттердің өтініштері бойынша істерді жүргізуге жауапты Банктің құрылымдық бөлімшесі;

Келіп түсетін өтініштерді клиенттің өтінішіне берілетін жауапты әзірлеу және өңдеу тапсырылатын жауапты құрылымдық бөлімшеге немесе жұмыскерге жеткізу (тапсыру) процедурасы;

Клиенттердің өтініштерін уақытылы өңдеу және клиенттердің өтініштеріне жауап әзірлеу мерзімі;

Клиенттердің өтініштерін қарастырған және клиенттердің өтініштеріне жауап әзірлеген кезде Банктің құрылымдық бөлімшелерінің бірлесіп әрекет етуінің ішкі тәртібі;

Банк клиенттерінің келіп түскен өтініштерін жіктеудің ішкі тәртібі мен процедурасы.

12) АЖ/ТҚ тәуекелі жоғары операциялардан бас тарту, сондай-ақ клиентпен іскерлік қатынастарды бұзу процедурасы және (немесе) ішкі тәртібі тиісті тәуекел факторлары есепке алынып әзірленеді.

2. Банк Басқармасы Банктің бекітілген ұйымдық құрылымы аясында Банктің алқалы органдарына немесе Банктің жұмыскерлеріне берілген міндеттердің тиісті дәрежеде орындалуына жауап береді.

26-бап. Банк Басқармасының жұмысын ұйымдастыру

1. Басқарманың жұмысы оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырылуы керек.

2. Басқарма жұмысын ұйымдастыру тәртібі «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының регламентінде көрсетілген.

27-бап. Банк Басқармасының құрамы және оны құру

1. Банк Басқармасының құрамы оған жүктелген міндеттемелердің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ететіндей болуы керек.

2. Банк Президентінің және Басқарма мүшесінің міндеттерін атқару үшін жеке тұлғаның Банктің ағымдағы қызметін басқару үшін қажетті кәсіби біліктілігі болуы керек. Банктің Басқарма мүшелері мен Банк Президентіне қойылатын нақты талаптар уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес жасалған лауазымдық нұсқаулықтарда бекітіледі.

3. Банктің Президенті мен Басқарма мүшелері Банктің мүддесінде іс-әрекет етуі керек.

4. Басқарма мүшелері мен Банктің мүддесі арасында қайшылық болмауы керек.

5. Басқарма мүшелері Банктің ағымдағы қызметін басқару үшін жауап береді. Осы міндетті тиімді орындау үшін Банктің қызметіне қатысты ағымдағы мәселелер туралы жеткілікті ақпараттанған және оның орта буын басшыларымен тікелей жұмыс істеуі керек.

6. Басқарма мүшелерінің санын анықтаған кезде Банктің Басқарма мүшелерінің саны мәселелерді тиімді және негізді талқылау үшін, сондай-ақ уақтылы және парасатты шешімдер қабылдау үшін оңтайлы болуы керек деген принциптерді басшылыққа алады. Банк Басқармасын құру принциптері Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен Жарғыда көрсетіледі.

7. Басқарма мүшелері мен Банктің Президенті акционерлерге осы тұлғалар туралы толық ақпарат беруді көздейтін жария процедураға сәйкес сайланады.

8. Акционерлер Банктің Президенті мен Басқарма мүшелері лауазымына үміткерлер туралы толық ақпараттанған. Атап айтқанда, акционерлерге төмендегі ақпарат беріледі:

1) тегі, аты, әкесінің аты - қалауы бойынша;

2) білімі туралы мәлімет;

3) соңғы үш жыл ішінде атқарған қызметі мен жұмыс орны туралы мәлімет;

4) үміткердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа ақпарат.

9. Банктің Президентімен және Басқарма мүшелерімен жасалатын еңбек шарттарына осы тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі қосылады. Банк Президентімен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды, ал Басқарма мүшелерімен жасалатын еңбек шарттарына Банктің Президенті қол қояды.

28-бап. Банк Президентінің және Басқарма мүшелерінің міндеттері

1. Банктің мүддесі үшін Басқарма қызметі оған акционерлер тарапынан сенім болуын және соның салдары ретінде Банк Президентіне немесе Басқарма мүшелеріне аталған мүддеге қарсы қандай да бір іс-әрекетті орындау үшін

немесе қандай да бір шешімдерді қабылдау үшін қандай да бір қысым көрсету мүмкіндігін болдырмауды талап етеді. Осы мақсатта осындай жағдайлардың алдын алу үшін барлық қолдан келер саналы шаралар қабылдануы керек.

2. Банктің Президенті, Басқарма мүшесі Банк Президентінің немесе Басқарма мүшесінің қызметіне немесе олар қабылдайтын шешімдерге әсер ету мақсатында берілетін сыйлықтарды немесе басқа тікелей немесе жанама пайда алмауы керек.

3. Банктің Басқарма мүшелерінің міндетіне Банктің заңнамаға, Банктің Жарғысына және басқа ішкі құжаттарына, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі жүргізетін саясатқа сәйкес Банктің қызметін қамтамасыз ету кіреді. Банктің Басқармасы Банктің өз қызметінде заңсыз әрекеттен, төлемдерден немесе жұмыс әдістерінен алшақ болуын қадағалайды. Басқарма белгілі бір кезең аралығында өз жұмысы жөнінде Директорлар Кеңесіне есеп береді.

4. Басқарма өзінің Банктегі жұмысын Банк қызметінің сандық қаржылық және материалдық көрсеткіштері туралы өзекті ақпаратты жинау, өңдеу және беру жүйесі оның негізді басқару шешімдерін қабылдауына негіз болатындай етіп жүргізеді.

5. Банктің Президенті мен Басқарма мүшелері Банк туралы конфиденциалды және инсайдерлік ақпаратты жарияламауға немесе оны жеке өз мақсатында немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауға тиісті.

6. Банк үшін маңызды бар Банк туралы, оның акционерлері, инвесторлары, сондай-ақ мәмілелер бойынша контрагенттері туралы кез келген ақпарат ақшалай нысанда бағалана алады және Банктің жеке меншігі болып табылады. Банк туралы конфиденциалды және инсайдерлік ақпаратты пайдалану Банкке және оның акционерлеріне залал тигізуі мүмкін.

7. Осыған байланысты Басқарма осындай ақпаратты қорғау үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолданады. Банктің Президенті мен Банк туралы конфиденциалды және инсайдерлік ақпаратты пайдалана алатын Басқарма мүшелері осындай ақпаратты пайдалануға құқығы жоқ, үшінші тұлғаларға жарияламауы керек, сондай-ақ оны өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауға тиісті. Бұл талаптар мен оларды бұзбау үшін жауапкершілік осы аталған тұлғалармен Банк жасайтын шарттарда көрсетілуі керек.

8. Басқарма Банктің тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін үшінші тұлғалардың да мүддесін ескеріп отырады.

9. Басқарма қызметінің негізгі міндеті Банктің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. Алайда Банктің тиімді жұмысы басқа тұлғалардың – Банктің жұмыскерлерінің, контрагенттерінің, мемлекеттің және Банк немесе оның оқшауланған құрылымдық бөлімшесі орналасқан жердегі жергілікті үкімет органдарының мүддесін де ескеруін талап етеді.

10. Басқарма Банктің жұмыскерлерінің мүддесін есепке алу мақсатында Банк жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымдарымен бірігіп жұмыс істеуі керек.

11. Басқарма Банк жұмыскерлеріне тиісті еңбек жағдайын жасайды, сондай-ақ еңбекақы төлеу және ынталандырудың озық әдістерін қолданады.

29-бап. Банк Президентінің өкілеттіктері

Банктің Президенті:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

3) Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Банктің мүддесін танытуға сенімхат береді;

4) Банк жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңында белгіленген жағдайлардан басқа кезде), оларға марапаттау және жазалау шараларын қолданады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк жұмыскерлерінің лауазымдық жалақысы мен лауазымдық жалақысына үстемақыны белгілейді, Банктің Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерден басқа, Банк жұмыскерлеріне төленетін сыйақы мөлшерін белгілейді. Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлерге қатысты кадрлық мәселелер Банктің қолданыстағы ішкі процедураларының, Банк Жарғысының және осы Кодекстің нормаларына сәйкес шешіледі;

5) өзі жұмыста болмаған кезде өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ уәкілеттер мен жауапкершілікті бөледі;

7) Банктің Жарғысында, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген басқа да функцияларды атқарады.

30-бап. Банк Президентінің және Басқарма мүшелерінің сыйақысы

Банктің Директорлар кеңесі бекіткен Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Банк Президенті мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы олардың біліктілігіне сай келуі керек және олардың Банктің дамуына қосқан нақты үлесін ескеруі қажет.

31-бап. Банктің Президенті мен Басқарма мүшелерінің жауапкершілігі

1. Банктің Президенті мен Басқарма мүшелері өз міндеттерін тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді.

2. Банктің Президенті мен Басқарма мүшелерінің өз міндеттерін тиісті дәрежеде орындауын қамтамасыз етудің тиімді тәсілдерінің бірі солардың кінәсінен Банк көтерген залал үшін Банк алдындағы заңнамада көзделген жауапкершілігі болып табылады.

3. Басқарма мүшелері Басқарма қабылдаған және Банктің немесе акционердің шығынға ұшырауына ықпал еткен шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.

5-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

32-бап. Корпоративтік хатшы атқаратын қызметтер

1. Банкте арнайы лауазымдық тұлға – Директорлар кеңесінің Атқарушы Хатшысы – Банк Басқармасының Хатшысы (Корпоративтік хатшы) тағайындалады, оның негізгі міндеттерінің бірі Банктің органдары мен лауазымдық тұлғаларының акционерлердің құқықтары мен мүддесіне кепілдік беретін процедуралық талаптарды орындауын қамтамасыз ету болып табылады.

Корпоративтік хатшыны тағайындау тәртібі мен оның міндеттері Банктің Жарғысында белгіленген.

2. Корпоративтік хатшы Банктің басқа органдарымен бірлесіп, Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешімнің негізінде Акционерлердің жалпы жиналысының заңнаманың, Банктің Жарғысы мен басқа да ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес дайындалуын және өткізілуін қамтамасыз етеді.

3. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешімнің негізінде Акционерлердің жалпы жиналысының заңнаманың,

Банктің Жарғысы мен басқа да ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес дайындалуын және өткізілуін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды жүзеге асырады.

4. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім, оны кімнің қабылдағанына қарамай және ол заңнама мен банк Жарғысының талаптарына сай қабылданған болса, Корпоративтік хатшы үшін міндетті болып табылады.

5. Корпоративтік хатшы басқа органдармен бірлесіп Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар тұлғаларға Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы тиісті үлгіде хабарлауды қамтамасыз етеді, дауыс беру бюллетеньдерінің дайындалуына және аталған тұлғаларға жіберілуіне (табысталуына), сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы өтетіні туралы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне, Банктің Президентіне, Басқарма мүшелеріне және Банктің аудиторларына хабарлауға бақылау жасайды.

6. Корпоративтік хатшы Банктің басқа органдарымен бірлесіп Акционерлердің жалпы жиналысында берілетін материалдарды дайындайды, оларды пайдалануды қамтамасыз етеді, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар тұлғалар талап еткен сәйкес құжаттардың көшірмелерін жасап, белгіленген тәртіпте растап, тапсырады.

7. Корпоративтік хатшы Банкке келіп түскен толтырылған дауыс беру бюллетеньдерін жинауға және оларды Есеп комиссиясына уақтылы өткізуге бақылау жасайды.

8. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу процедураларын орындауды қамтамасыз етеді, Жалпы жиналыстың хаттамасын жүргізуді және Жалпы жиналыстағы дауыс берудің қорытындысының хаттамасын жасауды, сондай-ақ Жалпы жиналыста қатысуға құқығы бар тұлғалардың тізіміне енгізілген тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс берудің қорытындысы туралы есепті уақтылы хабарлауды ұйымдастырады.

9. Корпоративтік хатшы Жалпы жиналысқа қатысушылардың осы жиналыста қолданылатын процедураларға қатысты сұрақтарына жауап береді және Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу процедураларына қатысты дауларды шешу үшін шара қолданады.

10. Корпоративтік хатшы заңнаманың Банктің Жарғысының және басқа ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесін дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді.

11. Директорлар кеңесінің мәжілістері Директорлар кеңесі Төрағасының шешімімен өткізіледі, бұл кезде осындай мәжілістерді дайындауға және өткізуге байланысты барлық ұйымдастыру шараларын Корпоративтік хатшы қолданады.

12. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мәжілісі өтетіні туралы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне хабарлайды, ал қажет болғанда оларға дауыс беру бюллетеньдерін жіберуді (тапсыруды) қамтамасыз етеді, сондай-ақ толтырылған бюллетеньдерді, Директорлар кеңесінің мәжіліске қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірлерін жинайды және оларды Директорлар кеңесінің Төрағасына тапсырады.

13. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілетін мәжілісі барысында Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу процедурасын тиісті дәрежеде орындауды қамтамасыз етеді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мәжілісінің хаттамасын жүргізеді.

14. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелеріне өздерінің функцияларын атқарған кезде көмегін тигізеді.

15. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелеріне оларға қажетті ақпаратты алуына көмектеседі, бұл үшін банкте қабылданған ақпараттың саясатқа сәйкес Корпоративтік хатшы оларды Басқарма шешімдерімен, Басқарма Төрағасының бұйрықтарымен, Банктің басқа құжаттарымен, Банк аудиторының қорытындысымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі Төрағасының шешімі бойынша бухгалтерлік есеп жүргізуге қатысты бастапқы құжаттармен таныстырады.

16. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесіне Директорлар кеңесінің және банктің басқа органдарының жұмысына қатысты Банкте қолданылатын ережелерді, Банктің ұйымдық құрылымын түсіндіреді, Банктің лауазымды тұлғалары туралы ақпарат береді, Банктің ішкі құжаттарымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің қолданыстағы шешімдерімен таныстырады, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісті дәрежеде орындау үшін маңызы болатын басқа да ақпаратты береді.

17. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне заңнаманың, Банк Жарғысының және басқа ішкі құжаттарының Акционерлердің жалпы жиналысын, Директорлар кеңесінің мәжілістерін дайындауға және өткізуге, сондай-ақ Банк туралы ақпаратты жариялауға (беруге) қатысты талаптарын түсіндіреді.

18. Корпоративтік хатшы Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша уәкілетті органға банктің Директорлар кеңесінің мәжілісіне ұсынылған мәселелер тізбесінің және Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуы туралы мәліметтерді уақытылы беруді қамтамасыз етеді.

19. Корпоративтік хатшы Банктің басқа органдарымен бірге Банк туралы ақпаратты жариялауды (беруді) және Банктің құжаттарын сақтауды қамтамасыз етеді.

20. Корпоративтік хатшы Банк туралы ақпаратты сақтау және жариялау (беру) тәртібіне қатысты заңнамада, Банктің жарғысында және басқа ішкі құжаттарында белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

21. Корпоративтік хатшы Банктің бағалы қағаздар шығарылымының жобасында және тоқсан сайынғы есептерінде берілетін ақпаратты, сондай-ақ Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін маңызды жағдайлар туралы ақпаратты Банктің уақтылы жариялауына бақылау жасайды.

22. Корпоративтік хатшы Банктің акционерлердің өтініштерін тиісті үлгіде қарауды және акционерлер құқықтарының бұзылуына байланысты дауларды шешуді қамтамасыз етеді.

23. Корпоративтік хатшы Банктің органдары мен бөлімшелерінің акционерлердің өтініштерін уақтылы орындауына бақылау жасайды.

24. Корпоративтік хатшы акционерлерден келіп түскен арыздар бойынша түсініктеме алу үшін тіркеушіге өз бетінше жүгінуге құқылы. Тіркеушінің Корпоративтік хатшыға сәйкес түсініктеме беру міндеті Банк пен тіркеуші арасында жасалған шартта көзделеді.

25. Корпоративтік хатшы өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін уәкілеттіктерге ие болады.

26. Банктің атқарушы органдары мен лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшының өз міндеттерін орындауына көмек көрсетуі керек.

27. Корпоративтік хатшының өз міндеттерін тиісті үлгіде қамтамасыз ету мақсатында Корпоративтік хатшының аппаратын құру көзделген, оның құрамы, саны, құрылымы мен қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

28. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің Төрағасына Корпоративтік хатшы орындалуын қамтамасыз ететін процедуралардың орындалуына кедергі жасайтын барлық іс-әрекеттер (Банктің лауазымды тұлғаларының, Банктің тіркеушісінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі, Акционерлердің жалпы жиналысын, Директорлар кеңесінің мәжілістерін өткізу тәртібін, ақпаратты жариялау (беру) тәртібін бұзатын басқа жағдайлар) туралы хабарлап тұрады.

33-бап. Корпоративтік хатшыны тағайындау және оның уәкілеттіктерін тоқтату

1. Корпоративтік хатшыны тағайындау Директорлар кеңесінің құзырына жатады.

2. Корпоративтік хатшы онымен жасалатын шарттың талаптарына (жалақы мөлшерін қоса есептегенде) сәйкес Директорлар кеңесіне бағынып, есеп береді.

3. Корпоративтік хатшының өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау үшін қажетті білімі болуы керек, сондай-ақ акционерлер мен Директорлар кеңесі мүшелерінің сеніміне ие болуы қажет.

4. Корпоративтік хатшыны тағайындаған кезде Директорлар кеңесі үміткердің Корпоративтік хатшы қызметін орындау қабілеттерін, оған қоса оның білімін, жұмыс тәжірибесін және кәсіби біліктілігін жан-жақты бағалауы керек. Банктің Жарғысында Корпоративтік хатшы лауазымына үміткерге қойылатын нақты талаптар белгіленеді.

5. Корпоративтік хатшы лауазымына мінсіз беделі бар тұлға ұсынылады. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6. Осыған байланысты Корпоративтік хатшы лауазымына үміткерлердің әрқайсысы Директорлар кеңесіне Банктің ішкі құжаттарында белгіленген және оның қойылған талаптарға сай келуін анықтауға мүмкіндік беретін өзі туралы мәліметтерді хабарлауға тиіс. Көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, Корпоративтік хатшы бұл туралы Директорлар кеңесіне хабарлауы тиіс.

6-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК ЖАҒДАЙЛАР (ОҚИҒАЛАРЫ)

34-бап. Банктің корпоративтік жағдайларына (оқиғаларына) қатысты әрекеттері (оқиғалары)

1. Корпоративтік оқиғалар деп «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген, бағалы қағаздарды ұстаушылар мен Банк инвесторларының мүдделерін қарастыратын, Банк қызметіне елеулі әсер ететін оқиғалар түсініледі.

2. Корпоративтік іс-әрекеттерге «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес корпоративтік оқиғалар жатады.

3. Корпоративтік іс-әрекеттердің Банк үшін маңызын назарға ала отырып, Банк акционерлердің оларды орындауға әсер ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл мақсатқа осындай іс-әрекеттің Банк үшін тигізетін салдары туралы ақпаратты тиісті үлгіде жариялауға негізделген жария және әділ процедура белгілеу арқылы қол жеткізуге болады.

35-бап. Банктің ірі мәмілелері мен осындай ірі мәмілелер үшін белгіленген тәртіппен жасалатын басқа мәмілелері

1. Ірі мәмілелердің белгілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді. Ірі мәміле деп төмендегі мәмілелер танылады:

1) нәтижесінде Банк жалпы құны Банк активтерінің жалпы құнының жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе меншігінен шығаратын (сатып алуы немесе меншігінен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара тығыз байланысты мәмілелер жиынтығы;

2) нәтижесінде бір түрдегі орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын шамада Банк өзі орналастырған бағалы қағаздарды сатып алуы немесе өзі сатып алған бағалы қағаздарды сатуы мүмкін мәміле немесе өзара тығыз байланысты мәмілелер жиынтығы;

3) Банктің Жарғысы бойынша ірі мәміле деп танылатын басқа мәміле.

2. Банктің Жарғысына Банк үшін маңызы бар басқа мәмілелерге ірі мәмілелерді жасау тәртібін қолдану жөніндегі қағиданы қосу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Банк Басқармасы тарапынан оның күнделікті қызметін тиімді басқару мен Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысының тарапынан Басқарманың қызметіне тиімді қадағалау жасау арасындағы саналы баланс болуын қамтамасыз ету қажет.

3. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жасасу туралы шешімді Банк акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Банктің ірі мәмілелерді жасауы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

4. Банк кредиторларға, жұртшылыққа және акционерлерге ақпарат беру мақсатында қоғамның ірі мәміле жасауы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде қаржы есептілігі депозитарийнің интернет-ресурсында, қор биржасының интернет-ресурстарында бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде мәміле туралы хабарлама жариялауға міндетті.

5. Қоғамның заңнамада және банктің жарғысында белгіленген тәртіпте қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешімімен келіспеген жағдайда, акционер қоғамнан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өзіне тиесілі акцияларды сатып алуын талап етуге құқылы.

6. Нәтижесінде Банктің активтері мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле жасау туралы шешім Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес аталған мүліктің бағалаушы белгілеген нарықтық құны есепке алынып, қабылдануы қажет.

Егер мұндай мәміленің мәні болып ақша және (немесе) бастапқы нарыққа шығарылатын (орналастырылатын) бағалы қағаздар танылса, бағалау жүргізілмейді.

7. Егер нарықтық құнын бағалау қажетті мүлік бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда жүрген бағалы қағаздар болса, онда олардың нарықтық құнын анықтаған кезде осындай нарықта осындай бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша белгіленген бағалар немесе осындай бағалы қағаздарға сұраныс пен ұсыныс бағалары ескеріледі. Егер нарықтық құнын бағалау қажетті мүлік Банктің өз акциялары болса, олардың нарықтық құнын анықтаған кезде Банктің меншікті капиталының мөлшері, Банктің даму жоспарына сәйкес оның өзгеру перспективалары және нарықтық құнды белгілейтін тұлға маңызды деп есептейтін басқа да факторлар ескеріледі.

36-бап. Жасалуы мүдделі болатын мәмілелер

1. Жасалуына Банк мүдделі болатын мәмілелерді жасау туралы шешімді мұндай мәміленің үлгі талаптарын Банктің Директорлар Кеңесі бекіту жағдайларын қоспағанда, оны жасауға мүдделі болмайтын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік жай даусымен қабылдайды.

2. Жасалуына Банк мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы оны жасауға мүдделі емес акционерлердің көпшілік даусымен келесі жағдайларда қабылдайды:

1) Егер Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;

2) Шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты Директорлар кеңесінің осындай мәміле жасасу туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайларда.

3. Егер Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларды иеленетін барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылатын болса және (немесе) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты осындай мәмілені жасау туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдай алмаса, жасалуына Банк мүдделі болатын мәмілелерді жасау туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік жай даусымен қабылданады.

Басқарма Директорлар кеңесінің бекітуіне жасалуына Банк мүдделі болатын мәмілелер (Банкпен айрықша қатынастағы тұлғалармен жасалатын мәмілелер) туралы тоқсан сайынғы есептерді ұсынуға міндетті.

37-бап. Банктің қайта ұйымдасуы

1. Директорлар кеңесі Банкті қайта ұйымдастыру талаптарын белгілеуге белсенді қатысуға тиісті.

2. Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе Директорлар кеңесінің ұсынысымен Акционерлердің жалпы жиналысының қарастырылуына шығарылады. Директорлар кеңесінің қайта ұйымдасу туралы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысына шығару туралы шешімі тек Директорлар кеңесі қайта ұйымдасу қажеттігіне сенімді болған және қайта ұйымдасуға қатысатын заңды тұлғалардың атқарушы органдары келіскен талаптар тараптар үшін қолайлы болған жағдайда қабылданады. Қайта ұйымдасу туралы шешім қабылдаған сәтке дейін Директорлар кеңесінің мүшелері атқарушы органдардың қайта ұйымдасу жөніндегі келіссөздеріне қатысып, осындай келіссөз барысын Директорлар кеңесімен талқылауды ұйымдастырғаны жөн. Осы мәселе бойынша атқарушы органдармен жұмыс істеу үшін Директорлар кеңесінің арнайы комитет құрғаны жөн.

3. Директорлар кеңесі құжаттардың ақырғы жобаларын бекітеді және қайта ұйымдасу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарып, осы мәселе бойынша өз ұстанымын көрсетеді.

4. Қайта ұйымдасу туралы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысына шығару туралы шешімді қабылдау үшін Директорлар кеңесіне осындай қайта ұйымдасуға байланысты барлық ақпарат пен материалдар берілуі қажет.

Оның тізіміне төмендегі құжаттарды қосқан жөн:

1) бірігу (қосылу) туралы шарттың жобасы немесе бөліну (бөлініп шығу) туралы шешімнің жобасы;

2) бірігу, бөліну (бөлініп шығу) нәтижесінде жаңадан құрылатын ұйымдардың құрылтай құжаттарының жобасы немесе өзіне қосып алып жатқан ұйымның құрылтай құжаты;

3) бірігуге (қосылуға) қатысушы барлық ұйымдардың соңғы үш қаржылық жылдағы жылдық есептері мен жылдық бухгалтерлік баланстары;

4) егер соңғы қаржылық жыл аяқталғаннан бері алты айдан артық уақыт өтсе, қайта ұйымдасу туралы мәселені қарайтын жиналыс өткізілетін күнге дейінгі алты айда жасалған тоқсандық есептер;

5) өткізу актінің және бөлу балансының жобалары;

6) қайта ұйымдасудың негізі.

5. Қайта ұйымдасу кезіндегі айырбастау қатынасын анықтау үшін Банк тәуелсіз бағалаушының қызметін пайдаланады.

6. Біріккен жалпы жиналыс өткізу туралы хабарламаны бірігуге (қосылуға) қатысатын әр ұйым осы қоғам үшін белгіленген тәртіппен хабарлайды.

7. Біріккен жалпы жиналыс өткізілетіні туралы бірігуге (қосылуға) қатысатын әр ұйым осы үшін қоғам белгілеген тәртіпте хабарлауы қажет. Бұл кезде қайта ұйымдасатын қоғамдардың Директорлар кеңесіне акционерлердің біріккен жалпы жиналысы өткізілетін күнді, орынды және уақытты, ал сырттай дауыс беретін жағдайда – толтырылған бюллетеньдерді жіберуге болатын соңғы күнді және оларды жіберетін пошталық мекен-жайды анықтау мақсатында біріккен мәжіліс өткізу ұсынылады. Директорлар кеңестерінің біріккен мәжілістерінде қабылданған шешімдер бірігуге (қосылуға) қатысатын барлық ұйымдардың акционерлерінің мүддесін ескеруі қажет.

38-бап. Банктің таратылуы

1. Банкті ерікті түрде тарату туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдап, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлардың келісімімен және бақылауымен тарату процедурасын белгілейді.

2. Банкті мәжбүрлеп таратуды Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда сот жүргізеді. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде басқаша белгіленбесе, Банкті тарату туралы талапты сотқа мүдделі тараптар бере алады.

3. Соттың немесе Жалпы жиналыстың Банкті тарату туралы шешімі бойынша тарату комиссиясы құрылады. Тарату комиссиясы оны тарату кезінде банкті басқару жөніндегі және Қазақстан Республикасының заңнамасында тізімі белгіленген іс-әрекеттерді орындау жөніндегі уәкілеттерге ие болады.

4. Тарату комиссиясының құрамына Банктің кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес басқа тұлғалар кіруі қажет.

5. Банкті тарату процедурасы мен оның кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша реттеледі.

7-ТАРАУ. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ

39-бап. Банктің ақпаратын жариялауды қамтамасыз ету

1. Банк заңда белгіленген талаптарды орындау арқылы қызметіне байланысты барлық мәселелер бойынша акционерлерге уақтылы және дәл ақпарат берілуін қамтамасыз етеді.

2. Осы мақсатта Банк “Банк ЦентрКредит” АҚ акционерлеріне қатысты ақпараттық саясат туралы қағида дайындады.

3. Акционерлерге ақпарат төмендегі тәсілдер арқылы беріледі:

- 1) Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында;
- 2) қор биржасының интернет-ресурсында;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;

- 4) Банктің жарнамалық және ақпараттық буклеттері;
 - 5) «Банк ЦентрКредит» АҚ интернет желісіндегі сыртқы web-сайты;
 - 6) Акционерден сұраныс келіп түскен кезде жеке хаттар.
4. Бұл ретте Банктің сыртқы сайтына:
- 1) ұйымдық құрылым;
 - 2) сыйақы төлеу және еңбекақы төлеу жүйесі саласындағы саясат;
 - 3) еңбекақы төлеу туралы жыл сайынғы есептер;
 - 4) Банктің Директорлар кеңесі жанында құрылған комитеттердің өкілеттіктері орналастырылады.
5. Құжаттарды немесе олардың көшірмелерін беру үшін сұраныс берген тұлғаның Банктің акцияларын иелену мүмкіндігі тексеріледі.
6. Заңнамаға сәйкес Банк республикалық баспасөз басылымдарында осы тарауда көрсетілген ақпаратты жариялау арқылы жария етеді.
7. Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.
8. Банк осы тұлғалар немесе Орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізуге міндетті.
- Банктің акционерлері мен лауазымды тұлғаларының олардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі жарғыда белгіленеді.
9. Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді үлестес пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Банкке беруге міндетті.

40-бап. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын (сырттай дауыс беру) өткізу туралы ақпарат

1. Акционерлерге жақында акционерлердің жалпы жиналысының (сырттай дауыс беру) өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал оларды өткізген кезде бір немесе бірнеше акционерге хабарлау үшін пошта байланысы қолданылатын сырттай немесе аралас дауыс берген кезде кемінде қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарланады.

2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламада осы Кодекстің 13-бабының 13-тармағында көрсетілген ақпарат болуы тиіс.

41-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу кезінде ақпарат беру

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат беріледі.

2. Банк органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылған

үміткерлер туралы төмендегі ақпарат көрсетілуі керек:

- 1) тегі, аты, қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) соңғы үш жыл ішінде істеген жұмысы мен атқарған лауазымы туралы мәлімет;
- 4) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа ақпарат;
- 5) Банкке қатысты үлестестігі туралы мәліметтер.

3. Акционерлердің Жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер

бойынша материалдарда:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есебі;

2) жылдық қаржылық есепке қосымша аудиторлық есеп;
3) Директорлар кеңесінің Банктің өткен қаржылық ішінде алған таза табысын бөлу тәртібі мен Банктің бір жай акциясына шаққандағы жылдық дивиденд мөлшері туралы ұсыныстары;

4) Акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштері және оларды қарастыру қорытындылары туралы ақпарат;

5) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастама көтерген тұлғаның қалауы бойынша басқа құжаттар көрсетіледі.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Банктің жалпы жиналысы өтетін күннен кемінде он күн бұрын дайын болып, танысу үшін Банк Басқармасы орналасқан жерде болуы керек, ал акционердің сұрау салуы болған кезде – оған сұрау салуды алған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде жіберілді; егер жарғыда өзгеше көзделмесе, құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді.

42-бап. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының қорытындысы туралы ақпарат (сырттай дауыс беру)

Акционерлердің жалпы жиналысының қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін он бес күнтізбелік күн ішінде қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында, қор биржасының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы акционерлерге хабарланады.

43-бап. Банктің акциялары бойынша дивиденд төлеуге (төлемеуге) қатысты қабылданған шешім туралы ақпарат

1. Тоқсанның, жартыжылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банктің тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Банк Жарғысына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналысының жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі.

2. Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді қамтиды:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендті төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендті төлеу тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

3. Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы ақпарат келесі мәліметтер көрсетіліп, дивидендті төлеу мерзімі басталғанға дейін бес жұмыс күні ішінде қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында, қор биржасының интернет-ресурсында жарияланады:

- 1) атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;
- 3) бір артықшылықты акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталатын күн;
- 5) дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны.

4. Жыл қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

44-бап. Банктің бастамасымен орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім жөніндегі ақпарат

1. Егер Банктің бастамасымен орналастырылған акцияларының сатып алып жатқан саны олардың жалпы санының бір пайызынан артық болса, онда Банк осындай сатып алу туралы өз акционерлеріне хабарлауға міндетті.

2. Банктің орналастырылған өз акцияларын сатып алатыны туралы хабарламада сатып алынатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі мен сатып алу талаптары туралы мәліметтер көрсетілуі қажет және ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануы керек.

45-бап. Банктің ірі мәміле жасағаны туралы ақпарат

1. Банк кредиторларға, жұртшылыққа және акционерлерге ақпарат беру мақсатында қоғамның ірі мәміле жасауы туралы шешімді Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында, қор биржасының интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде мәміле туралы хабарлама жариялауға міндетті.

2. Қолданыстағы заңнамада, «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлеріне қатысты ақпараттық саясат туралы қағидада белгіленген ақпаратпен бірге аталған қағидада көзделген тәртіпте қосымша ақпаратты жариялау көзделген.

8-ТАРАУ. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

46-бап. Тәуекелдерді басқару жүйесі аясында Банктің ішкі бақылауы

1. Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, стратегияға, активтердің көлеміне, Банк операцияларының күрделілігіне сәйкес келетін ішкі бақылау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Ішкі бақылау – банктің уәкілетті органдары, құрылымдық бөлімшелері және барлық жұмыскерлері өздерінің міндеттерін орындаған кезде жүзеге асыратын, күнделікті қызметке енгізілген және келесі мақсаттарды орындауға бағытталған процесс:

1) Банк тәуекелдерін, активтері мен пассивтерін басқарудың тиімділігін қоса алғанда, банк қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету, активтердің сақталуын қамтамасыз ету;

2) ішкі және сыртқы пайдаланушылар үшін қаржылық, реттеушілік және басқа есептіліктің толықтығын, дәйектілігін және уақытылы жасалуын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) Банктің Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасының, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының, валюталық реттеу және валюталық қадағалау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

4) Банкті және оның жұмыскерлерін құқыққа қайшы қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде алаяқтық, қателіктер, дәлсіздіктер жасауға, алдауға,

АЖ/ТҚ, АЖ/ТҚ тәуекелі жоғары операцияларды Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруға қатыстыруды болдырмау;

5) ҚР заңнамасының нормаларына, Банктің ішкі саясаттарына (соның ішінде, бірақ шектелмей «Банк ЦентрКредит» АҚ-та комплаенс-тәуекелді басқару саясатына сәйкес), процедураларына және Банктің өзге құжаттарына, Банктің уәкілетті органдарының шешімдеріне сәйкес келуіне қатысты басқарушылық шешімдерді қабылдау процесін қамтамасыз ету.

Тиімді ішкі бақылау тиісті басқарушылық бақылауды және бақылау мәдениетін (бақылау ортасын) қалыптастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Басқарушылық бақылау және бақылау мәдениеті (бақылау ортасы) Банктің Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасының ішкі бақылау жүйесін құруға және оның тиімді қызмет етуіне бағытталған жалпы қатынасын, хабардар болуын және тәжірибелік іс-әрекетін сипаттайды.

2. Басқарушылық бақылауды және бақылау мәдениетін (бақылау ортасын) Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы этикалық қағидаларды, кәсіби қызмет және корпоративтік басқару стандарттарын сақтау негізінде қалыптастырады, бұл жиынтығында олардың заң жүзінде белгіленген міндеттері мен жауапкершілігімен бірге банктің басқару органдары тарапынан тиісті бақылауды, оған қоса төмендегілерді бақылаулы қамтамасыз етеді:

1) Банк қызметін ұйымдастыру, оған қоса Банктің стратегиясын, Банктің ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу және іске асыру;

2) Банктік тәуекелдерді басқару жүйесінің қызметі және банктік тәуекелдерді бағалау;

3) банктік операцияларды және басқа мәмілелерді жүргізу кезінде өкілеттіктерді бөлу (ұйымдық құрылым);

4) ақпарат ағындарын басқару (ақпаратты алу және тапсыру) және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) ішкі бақылау жүйесін құру және оның қызмет етуі.

3. Банк ішкі бақылау жүйесінің болын және қызмет етуін қамтамасыз етеді, ол төмендегілерді қамтиды, бірақ мұнымен шектелмейді:

1) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру принциптері;

2) жұмыскерлердің кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар;

3) ішкі бақылауды жүзеге асырудың ішкі тәртібі мен процедурасы;

4) үш қорғаныс желісі негізінде ішкі бақылау жүйесінің қатысушыларын, олардың өкілеттіктерін, есеп беру құрылымын анық айқындаумен жауапкершілігін белгілеу;

5) үш қорғаныс желісі бойынша ішкі бақылау жүйесінің қатысушылары арасында бірлесіп әрекет етудің және ақпаратпен алмасудың ішкі тәртібі;

6) ішкі бақылауды жүзеге асыру процесінде кемшіліктер анықталған жағдайда Банктің ішкі құжаттарына өзгерістер енгізудің ішкі тәртібі.

Банктің ішкі бақылау жүйесі келесі принциптерге негізделеді:

Банктің бөлімшелері мен жұмыскерлерінің және ішкі бақылау ұйымдарының басқарудың барлық деңгейлерінде күнделікті қызметке қатысуы;

ішкі бақылаудың Банктің барлық бағыттары және бизнес-процестері бойынша барлық қызмет бағыттарын және бизнес-процестерін және ішкі бақылау процедурасының регламентациясын қамтуы;

Ішкі бақылауды тұрақты түрде (үздіксіздік) жүзеге асыру.

4. Банк үш қорғаныс желісі негізінде ішкі бақылау жүйелерінің қатысушыларын белгілейді:

1) бірінші қорғаныс желісін Банктің құрылымдық бөлімшелерінің өздері қамтамасыз етеді. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары құрылымдық бөлімшеде ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін жауап береді;

2) екінші қорғаныс желісін тәуекелдерді басқару, комплаенс-бақылау бойынша бөлімшелері, заң бөлімшесі, қызметкерлермен жұмыс жүргізу бөлімшесі, қаржылық бақылау қызметін жүзеге асыратын бөлімше (тұлғалар) және Банктің бақылау қызметін жүзеге асыратын өзге құрылымдық бөлімшелері қамтамасыз етеді;

3) үшінші қорғаныс желісін ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау арқылы ішкі аудит бөлімшесі қамтамасыз етеді.

5. Банк келесі өзара байланысқан элементтерге негізделген ішкі бақылауды жүзеге асыру процедурасын әзірлейді:

- 1) Тәуекелдердің басқарылуын бақылау;
- 2) Бақылау іс-әрекеттері және өкілеттіктерді бөлу;
- 3) ақпарат және бірлесіп әрекет ету;
- 4) мониторинг және кемшіліктерді түзету.

6. Ішкі бақылау жүйесі Банкке тиесілі тәуекелдердің уақытылы анықталуына және тұрақты негізде бағалау жүргізілуіне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес маңызды тәуекелдерді азайту бойынша уақытылы шаралардың қабылдануына бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Ішкі бақылау жүйесі төмендегілерді қамтамасыз етеді, бірақ мұнымен шектелмейді:

1) тәуекелдерді бағалау барысында Банктің алдыға қойылған мақсатына қол жеткізуіне кедергі келтіретін ішкі факторларды (Банктің құрылымдық бөлімшесіндегі қиындықтар, оның қызметінің сипаттамасы, қызметкерлердің сапалық сипаттамалары, ұйымдық өзгерістер, кадрлардың тұрақтамауы), сонымен қатар сыртқы факторларды (экономикалық талаптардың және банк секторындағы жағдайдың өзгерістері, технологиялық жаңалықтар) қарастыру және есепке алу;

2) Банк қызметінің жеке бағыттары бойынша тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыру;

3) Банктің ішкі құжаттарында олардың регламентациясының болуы талабымен, Банктің жаңа операциялар мен қызметтерді жүргізуі;

4) Банктің сәйкес ішкі құжаттарында белгіленген тұлғаларға (Банктің бөлімшелері, органдары) Банктің тәуекелдерге ұшырағыштығы деңгейіне әсер ететін факторлар туралы уақытылы хабарлауды қамтамасыз ету.

Ішкі бақылау жүйесіне кез келген жаңа немесе бақыланбайтын маңызды, соның ішінде жаңа өнімдер мен қызметтерге байланысты тәуекелдердің анықталу шамасына қарай түзетулер енгізіледі.

7. Бақылау іс-әрекеттеріне төмендегілер кіреді, бірақ мұнымен шектелмейді:

1) Банктің Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және Банк Басқармасы ішкі бақылаудың кемшіліктерін, бұзушылықтарын, қателерін анықтау және оларды жою мақсатында жүзеге асыратын бақылау;

2) құрылымдық бөлімшелердің басшылары жүзеге асыратын бақылау;

3) материалдық құндылықтардың болуын және оған қол жеткізуді, материалдық құндылықтарды сақтау үшін үй-жайдың қорғалуын қамтамасыз етуді бақылау;

4) белгіленген лимиттердің сақталуын тексеру;

5) құқықтар мен өкілеттіктерді келісу және беру жүйесі;

6) банк операцияларының және мәмілелерінің бухгалтерлік есепте және есептілікте уақытылы және орынды көрінуін тексеру;

7) операциялар мен мәмілелерді жасау кезінде банктің саясаттары мен

процедураларының сақталуын тексеру.

Міндеттерді бөлу аясында бақылау іс-әрекеттері мүдделердің қақтығысын және оның пайда болу жағдайларын азайтуға, құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жасауға, сондай-ақ сол бір құрылымдық бөлімшеге және (немесе) қызметкерге:

банк операциялары мен басқа мәмілелерді жасауға және бір мезгілде олардың есепте көрінуін жүзеге асыруға;

ақшаны төлеуге санкция беруге және банктің ішкі құжаттарында белгіленген лимиттерді ескере отырып, оларды нақты төлеуді жүзеге асыруға;

банк клиенттерінің шоттары бойынша және банктің меншікті қаржылық-шаруашылық қызметін көрсететін шоттар бойынша операциялар жүргізуге;

кредит беру кезінде ұсынылатын құжаттардың дұрыстығын және толықтығын бағалауға және кредитті қайтаруға мониторингті жүзеге асыруға;

мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін қызметтің кез келген басқа салаларында іс-әрекет жасауға жол бермеуге ықпал етуі тиіс.

Банктің операцияларына байланысты бақылаудың мынадай әдістері қолданылады:

қос бақылау («төрт көз» және «бірлесіп қол жеткізу» қағидаты).

«Төрт көз» қағидаты есептеудің дұрыс жүргізілгенін, операцияны жүргізуге санкция берілгенін және оның дұрыс құжатталғанын тексеруге екінші қызметкерді тарту мақсатында бір қызметкердің жұмысын басқа қызметкердің тексеруін (мақұлдауын) талап етеді.

«Бірлесіп қол жеткізу» қағидаты екі немесе одан көп қызметкер құндылықтар мен құжаттардың физикалық қорғалуына бірдей шамада жауапкершілікте болатын кездегі рәсімді жорамалдайды. Жауапкершілік Банк бойынша сәйкес өкіммен белгіленіп, барлық қызметкерлердің назарына ұсынылуы тиіс;

Операцияларды талдау.

Қате жасалған немесе санкция берілмеген операцияның алдын алу үшін операцияға алдын ала талдау жасау.

Операция жүргізілгеннен кейін санкция берілмеген операцияны өткізу фактісін анықтау мақсатында кейінгі талдау жасау.

Талдаудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін талдауды жүзеге асырушы тұлға осы операцияны жасайтын қызметкерлерден тәуелсіз болуы қажет;

банк жұмысының көрсеткіштері, қаржылық талаптар мен бюджеттен ауытқулар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша операциялардың нәтижелері туралы есептер;

банк қызметкерін бақылаудың тәсілдеріне және қателерді анықтауға оқыту; деректердің қорғалуын қамтамасыз ету;

қызметкерлерді қателерден қорғауды қамтамасыз ету;

қателерді уақытылы анықтау мақсатында олардың болуын тексеру.

8. Ішкі бақылау позициясы бойынша қаржылық және операциялық сипаттағы шынайы және жан-жақты ақпараттың және Банктің Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасының, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының, валюталық реттеу және валюталық қадағалау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарының сақталуы туралы мәліметтердің, сонымен қатар

шешім қабылдауға қатысы бар оқиғалар мен талаптар туралы келіп түсетін сыртқы нарықтық ақпараттың болуы қамтамасыз етіледі.

Ақпаратты жинау, талдау және мақсаты бойынша тапсыру:

1) Банктің Директорлар кеңесін, Банктің басқармасын (банктің бөлімшелерін, органдарын) және тиісті ішкі құжаттарда белгіленген тұлғаларды шешімдер қабылдау және өздерінің міндеттерін орындау үшін ақпаратпен;

2) Банк ішінде және одан тыс ақпараттың тұтастығын, қауіпсіздігін және қолжетімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық ағындардың болуын;

3) Банктің ақпараттық ағындарының және ақпараттық қауіпсіздігінің басқарылуын барабар бақылауды қамтамасыз етуді көздейді.

Ақпараттық жүйелердің және техникалық құралдардың жұмыс істеуін ішкі бақылау олардың қорғалғандығын, үзіліссіз және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін ақпараттық-технологиялық жүйелерді бақылауды көздейді.

Ішкі бақылау позициясынан банктің барлық операцияларын және мәмілелерін міндетті есепке алу қамтамасыз етіледі.

Банктің қаржылық ақпаратының уақытылы, дәйекті және жеткілікті дәрежеде орындалуын қамтамасыз етуді бақылау (бірақ мұнымен шектелмейді):

бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік және ХҚЕС саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуіне қатысты Банкте бухгалтерлік есепті жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді;

бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттардың болуын;

бухгалтерлік есепте операциялар мен оқиғаларды хронологиялық тұрғыда және уақытылы тіркеуді қамтамасыз етуді;

әр операциялық күннің соңындағы жай-күйі бойынша қаржылық есептілікті қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуді;

синтетикалық (қорытынды) есептің аналитикалық (жан-жақты) есепке сәйкес келуін;

санкция беру немесе операцияларды қаржылық есептілікте көрсету процесіне тартылмаған қызметкерлердің бухгалтерлік жазбаларын тұрақты тексерудің жүзеге асырылуын;

бастапқы құжаттардың негізінде бухгалтерлік жазбалардың жүзеге асырылуын және бастапқы құжаттардың тиісті дәрежеде ресімдеп, сақтауды қамтамасыз етілуін тексеруді талап етеді.

9. Банктің ішкі бақылау жүйесіне мониторинг жүргізуді тұрақты түрде бірінші және екінші қорғаныс желісі, сонымен қатар Банк Басқармасы жүзеге асырады.

Ішкі бақылаудың айтарлықтай кемшіліктері Банктің Директорлар кеңесіне хабарланады.

Ішкі аудит бөлімшесі ішкі бақылаудың тиімділігін бағалайды.

Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет ішкі бақылау жүйесінің қызметіне бақылау жасайды.

10. Банктің ішкі бақылау бойынша басқарушылық есептілігі ішкі бақылауды жүзеге асыру процесінде анықталған маңызды бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы, сонымен қатар оларды жою бойынша қабылданған шешімдердің және шаралардың нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды.

11. Банктің тәуекелдерді қабылдау бойынша тәсілдерді және Банк ішіндегі тәуекелдерге байланысты мәселелер бойынша бірлесіп әрекет ету әдістерін қамтитын тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы, сонымен қатар комплаенс-тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі нормативтік құжаттарымен Банк жұмыскерлері, соның ішінде жұмысқа қабылданған кезде танысуы қажет.

47-бап. Тәуекелдерді басқару жүйесі аясындағы Банктің ішкі аудиті

1. Банк стратегияны, ұйымдық құрылымды, активтердің көлемін, Банк операцияларының сипаттамасы мен күрделілік деңгейін есепке алатын ішкі аудиттің қызмет етуін қамтамасыз етеді. Ішкі аудит бөлімшесінің өз қызметінен тәуелсіз нақты белгіленген өкілеттіктері бар, ол Банктің Директорлар кеңесіне есеп береді. Ішкі аудит бөлімшесі өз қызметі мен міндеттерін объективті және сапалы орындау үшін жеткілікті ресурстар мен өкілеттіктерге ие.

Ішкі аудит бөлімшесінің басшысы мен жұмыскерлері өзге лауазымда қызмет атқармайды, Банктің алқалы органының мүшесі болып табылмайды және Банкте және (немесе) еншілес ұйымдарда міндеттерді қоса атқармайды.

Ішкі аудит бөлімшесі өз қызметінде ішкі аудиттің халықаралық стандарттарын басшылыққа алады.

2. Банктің Директорлар кеңесі және ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет төмендегілер арқылы ішкі аудит бөлімшелерінің тиімділігін арттыруға көмектеседі:

1) ішкі аудит бөлімшесі жұмыскерлеріне Банктің кез келген құжаттарын, ақпараты мен объектілерін, оған қоса Банктің алқалы органдары мәжілісінің жүйесін, жазбаларын және хаттамаларын шектеусіз пайдалануға рұқсат беруді қамтамасыз ету;

2) ішкі аудит бөлімшесінің Банк қызметінің барлық бағыттары бойынша ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің, корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізуіне талаптар белгілеу;

3) ішкі аудиторларға этика кодексін және Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының, акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға қатысты талаптар белгілеу;

4) банк қызметі және ішкі аудит әдістері, қажетті және жеткілікті ақпаратты жинау дағдысы, лауазымдық міндеттерін орындау үшін талдау және бағалау жүргізу қабілеті туралы жеткілікті білімнің болуы бойынша ішкі аудит бөлімшесінің жұмыскерлеріне талаптар белгілеу;

5) Банк Басқармасына аудиторлық тексеру жүргізу нәтижесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын уақытылы және тиімді іске асыруға қатысты талаптар белгілеу;

6) Банктің тәуекелдерді басқару жүйесінің, бухгалтерлік есеп жүргізудің ішкі тәртібінің, қаржылық және реттеу есептілігін құрудың және тұтастығын қамтамасыз етудің комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне жүйелі бағалау жүргізу талаптары.

Ішкі аудит бөлімшесі корпоративтік басқару, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігіне тәуелсіз, жан-жақты бағалау жүргізеді.

Ішкі аудит бөлімшесі өз жоспары мен іс-әрекеттерін әзірлеген кезде тәуекелге бағытталған тәсілді пайдаланады, Банк қызметіне тиесілі тәуекелдерге қатысты тәуелсіз, негізделген пікірді қалыптастырады, ішкі процестерге тиісті бағалау жүргізеді.

3. Ішкі аудит қызметінің тиімді қызметі келесі принциптерге негізделген:

1) төмендегілер арқылы қол жеткізілетін тәуелсіздік және объективтілік:

тәуекелге бағытталған тәсілдің негізінде Банктің кез келген бөлімшесінде және қызметтің кез келген бағыты бойынша аудит жүргізу;

ішкі аудит бөлімшесінің ішкі бақылау шараларын әзірлеуге, енгізуге және қолдануға жұмылдырылмауы;

ішкі аудит бөлімшесі қызметкерлерінің қызметінде мүдделер қақтығысының болмауы;

жұмыскерлердің құзыреттілігі мен кәсібилігіне залал келтірмей оны жүргізу мүмкін болған кезде ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері арасында орындалатын міндеттерді ротациялау;

ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлеріне сыйақы беру және Банктің құрылымдық бөлімшелері қызметінің қаржылық нәтижелері арасында байланыстың болмауы. Ішкі аудит бөлімшесінің басшысы мен жұмыскерлерінің сыйақысының премиалды бөлігі мүдделер қақтығысын болдырмайтындай және ішкі аудит бөлімшесінің тәуелсіздігі мен объективтілігіне күмән келтірмейтіндей етіп белгіленеді;

ішкі аудит бөлімшесінің есептерін Директорлар кеңесінің және Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеттің қарауына ұсыну, танысу үшін мұндай есептерді түзету құқығынсыз Банк Басқармасына ұсыну;

ішкі аудит бөлімшесінің басшысы лауазымға тағайындайтын, оның қызметін бақылайтын және қажет болған кезде лауазымнан босату туралы шешім қабылдайтын Банктің Директорлар кеңесіне тікелей есеп береді;

ішкі аудит бөлімшесінің басшысын лауазымнан босату туралы шешім қабылдау жөніндегі ақпарат уәкілетті органға хабарланады. Уәкілетті органның сауалы алынған кезде Банк мұндай шешім қабылдаудың себептерін түсіндіреді;

2) келесі сипаттамаларға сәйкес келетін кәсіби құзыреттілік және кәсіби сақтық:

Ішкі аудит бөлімшесі жұмыскерлерінің ақпаратты жинап, қабылдай алу, анықталған фактілерді тексеріп, бағалау және ішкі аудит бөлімшесінің жұмыскерлерімен бірлесіп әрекет ету дағдысы;

ішкі аудит бөлімшесі басшысының жұмыскерлердің штатын жиынтықтау және талап етілетін дағдыларды бақылау және бағалау үшін жауапкершілігі;

ішкі аудит бөлімшесі жұмыскерлерінің және (немесе) тартылатын сыртқы сарапшылардың кәсіби құзыреттілік талаптарына сәйкес келетін біліктілігі мен дағдыларының деңгейі және Банктің тексерілетін қызмет бағыттарына тиісті деңгейде ішкі аудит жүргізу қабілеті;

ішкі және сыртқы өзгерістерге сәйкес келтіру мақсатында біліктілікті арттыру;

3) келесі принциптерге жауап беретін кәсіби этика:

Ішкі аудит бөлімшесі жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін адал орындауы, олардың жауапкершілігі, парасаттылығы және адалдығы;

Лауазымдық міндеттерді орындау барысында алынған ақпараттың конфиденциалдылығын сақтау;

Мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу. Банк жұмыскерлері қатарынан қабылданған ішкі аудит бөлімшесінің жұмыскерлеріне ішкі аудит бөлімшесіне ауысқан күннен бастап кезекті 12 (он екі) ай ішінде өздері жұмыс істеген бөлімшеге аудит жүргізуге рұқсат берілмейді;

Ішкі аудит бөлімшесінің жұмыскерлері ішкі құжаттардың, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының, акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындайды.

4. Банк қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында ішкі аудит бөлімшесі туралы қағиданы бекітеді. Қағида төмендегілерді қамтиды, бірақ мұнымен шектелмейді:

1) Банкте ішкі аудит бөлімшесінің мәртебесі, өкілеттіктері, міндеттері және Банктің басқа бөлімшелерімен бірлесіп әрекет етуінің ішкі тәртібі;

2) ішкі аудит бөлімшесінің міндеттері мен қызмет саласы;

3) ішкі аудит бөлімшесінің жүргізілген жұмыстардың нәтижелері туралы Директорлар кеңесіне, Басқармаға және өзге мүдделі бөлімшелерге хабарлау міндеті;

4) ол бойынша ішкі аудит бөлімшесі кеңес беретін талаптар;

- 5) ішкі аудит бөлімшесі басшысының жауапкершілігі және есеп беруі;
- 6) ішкі аудиттің халықаралық стандарттарын басшылыққа алу талаптары;
- 7) ішкі аудит бөлімшесінің Банктің сыртқы аудиторларымен бірлесіп әрекет ету процедурасы;

8) қызмет процесінде ішкі аудит бөлімшесінің өкілеттіктері (соның ішінде Банктің және оның еншілес ұйымдарының кез келген бөлімшесін және қызмет түрін тексеру, Банктің құжаттарын, материалдық объектілерін, басқарушылық есептілігін, барлық мәжілістері мен жиналыстарының жазбалары мен хаттамаларын, қабылданған шешімдерін шектеусіз пайдалану рұқсаты).

5. ішкі аудит бөлімшесінің қызмет саласы:

- 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін;
- 2) Банктің саясаттары мен процедураларының тиімділігін;
- 3) бухгалтерлік есеп пен ақпарат жүйесінің сенімділігін;
- 4) басқарушылық есептілік жүйесінің шынайылығын, тиімділігін және тұтастығын (оған қоса деректердің өзектілігін, нақтылығын, толықтығын, қолжетімділігін, конфиденциалдылығын және жан-жақтылық сипатын);

5) активтер мен капиталдың сақталуын бағалауды қамтиды.

6. Ішкі аудит бөлімшесінің қызметі Банк қызметін реттеу бойынша барлық мәселелерді тиісті түрде өтейді (тәуекелге бағытталған тәсілдің негізінде), атап айтқанда:

1) тәуекелдерді басқару, соның ішінде:

тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруды, оған қоса құрылымдық бөлімшелердің міндеттерін бағалау;

Банк қызметінің тәуекел-тәбет стратегиясына және тәуекел-тәбетті анықтау процедураларына сәйкестігін бағалау;

мәселелер мен тәуекелдерді басқару аясында қабылданған шешімдерді хабарлаудың және таратудың ішкі тәртібінің тиімділігін бағалау;

Банк қызметінде туындайтын тәуекелдер бойынша тәуекелдерді басқару жүйелерінің, оған қоса анықтаудың, бағалаудың, мониторинг жүргізудің және бақылаудың, ден қоюдың, есептіліктің тиімділігін бағалау;

нақтылығын, шынайылығын және толықтығын қамтамасыз етуге қатысты тәуекелдерді басқару аясында қолданылатын ақпараттық жүйеде деректерді қалыптастыру процесін бағалау;

тәсілдердің жүйелігін, осы модельдерде қолданылатын деректер көзінің өзектілігін, тәуелсіздігін және шынайылығын тексеруді қосқанда, тәуекелдерді бағалау модельдерін бекіту және қолдану процесін бағалау.

Егер тексеру жүргізу барысында ішкі аудит бөлімшесі тәуекелдерді басқару бөлімшесінің (бөлімшелерінің) теріс қорытындылары болған кезде Банк Басқармасының шешім қабылдауының айтарлықтай фактілерін анықтайтын болса, мұндай фактілерді ішкі аудит бөлімшесі Банктің Директорлар кеңесіне хабарлайды;

2) ішкі бақылау жүйесі, соның ішінде:

ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды тексеру;

ішкі бақылау процестері мен процедураларын бағалау;

ішкі бақылау бойынша басқарушылық есептілікті шынайылығына, толықтығына және уақытылы болуына қатысты бағалау;

3) капитал мен өтімділіктің жеткілікті болуы, соның ішінде:

Капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділігін бағалаудың ішкі процестерінің, Банк міндетті нормативтерді сақтай отырып қабылдайтын капиталдың қатынасы

баламалылығының, өтімділік пен тәуекелдің тиімділігін бағалау;

Стресс-тестілеуді, тестілеу тапсырмаларын өткізу жүйелілігін, сценарилердің және қабылданатын жорамалдардың шынайылығын, процестердің деректілігін есепке ала отырып, капитал мен өтімділік деңгейін стресс-тестілеу процесін бағалау;

4) реттеу және басқарушылық есептілік.

Ішкі аудит бөлімшесі тәуекелдерді басқару және Банк басшылығы мен уәкілетті органға есептілікті әзірлеу процесінің тиімділігін бағалайды;

5) комплаенс.

Комплаенс-тәуекелді және АЖ/ТҚ тәуекелін басқару процедурасының тиімділігін бағалау;

6) қаржы блогының қызметі:

Шығыс қаржылық деректерді олардың баламалылығын, нақтылығын және толықтығын қамтамасыз етуге қатысты қалыптастыру процесін бағалау және негізгі деректерді, соның ішінде қаржылық нәтижелерді, қаржы құралдарының бағалауын және олардың құнының азаюы туралы деректерді кейін тапсыру;

Тәсілдердің жүйелігін, осы модельдерде қолданылатын деректер көздерінің өзектілігін, тәуелсіздігін және шынайылығын қосқанда, баға белгілеу модельдерін бекіту және қолдану процесін бағалау;

операцияларды жүргізу ережелеріндегі бұзушылықтарды алдын алу және анықтау үшін бақылаудың қолданыстағы тетіктерін бағалау;

Банктің тәуекел-профиліне, сыртқы ортаға және реттеушінің ең төменгі талаптарына сәйкес келуіне қатысты өтімділік, валюта және пайыздық мөлшерлеме бойынша Банктің банктік позициясын өлшеу және оған мониторинг жүргізу процедурасын бағалау;

тексеру барысында саясаттарға, процедураларға сәйкес келуіне қатысты Банктің транзакцияларын таңдаулы тестілеу және аталған транзакцияларға қатысты ішкі бақылау шараларының тиімділігін бағалау;

бухгалтерлік есеп жүргізу процестерінің, соның ішінде бақылау процедураларының тиімділігін бағалау.

7. Аудиторлық тексерудің қорытындысы бойынша ішкі аудит нәтижелері туралы есеп құрылады, ол төмендегілерді қамтиды, бірақ мұнымен шектелмейді:

1) жалпы ақпарат, оған қоса аудиторлық тексеру жүргізудің мақсаты, көлемі, мерзімі, тексеруші топтың құрамы туралы мәліметтер;

2) Тексеру жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізбесі, бұзушылықтар мен кемшіліктердің туындау себептері және олардың Банк қызметіне әсері;

3) анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар;

4) аудиторлық есеп жолданатын тұлғалардың тізбесі.

Ішкі аудит жүргізу нәтижелері туралы есеп Банк Басқармасына танысу үшін жолданады, анықталған маңызды фактілер және ұсынылған пікірлер Аудит мәселелері жөніндегі комитеттің және Банктің Директорлар кеңесінің қарауына жолданады.

8. Ішкі аудит бөлімшесінің басшысы тәуекелге бағытталған тәсілдің негізінде жыл сайынғы аудиторлық тексеру жүргізу жоспарын әзірлеу үшін жауап береді, аталған жоспар төмендегілерді қамтиды, бірақ мұнымен шектелмейді:

1) аудиттің мақсаты мен масштабы;

2) аудит жүргізілетін бағыттар;

3) аудит жүргізу мерзімі;

4) қажетті кадрлық және өзге ресурстар.

Жыл сайынғы аудиторлық тексеру жүргізу жоспары тәуекелдерді бағалауға негізделеді және қажет болған кезде бір жыл ішінде қайта қаралады.

9-ТАРАУ. ДИВИДЕНД САЯСАТЫ ЖӘНЕ ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ

48-бап. Дивиденд мөлшерін анықтау

1. Банкте дивиденд мөлшерін белгілеудің және оларды төлеудің жария және акционерлерге түсінікті тетігі орныққан.

2. Банктің дивиденд мөлшерін белгілеуге және оларды төлеуге қатысты стратегиясы туралы ақпарат Банктің қазіргі акционерлеріне де, болашақтағы ықтимал акционерлеріне де қажет. Себебі бұл ақпарат олардың Банк акцияларын сату немесе сатып алу жөніндегі шешімдеріне маңызды ықпал етуі мүмкін.

3. Осы мақсатта Банкте «Дивиденд саясаты туралы қағида» дайындалған.

4. Дивиденд саясаты Банктің жалпы қаржылық стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастырылады және акциялардың нарықтық құнын көтеру мақсатында алынған табыстың пайдаланылатын және шоғырланатын бөліктері арасындағы пропорцияны оңтайландыру болып табылады.

5. Банктің дивиденд саясаты өзара байланысты екі мәселені: акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін барынша сақтау және Банктің жеткілікті қаржылық тұрақты жағдайының мәселелерін шешуге бағытталған.

6. Банк төмендегі принциптерді басшылыққа ала отырып, ұстамды (ымыралы) дивиденд саясатын жүргізеді:

1) дивиденд саясаты бірізді сипатты;

2) акционерлердің мүддесі мен Банктің капиталын арттыру қажеттілігі арасында баланс сақталады;

3) қабылданатын шешім акционерлердің көпшілігі үшін тиімді болуға негізделеді.

7. Дивиденд саясатына Банк қызметінің болжалды көрсеткіштері мен басқа сыртқы факторларға қарай түзету енгізуге болады.

8. Дивиденд саясаты туралы қағидада Банктің жай акциялары бойынша төленетін ең кіші дивиденд мөлшері белгіленген.

9. Дивиденд мөлшерін белгілеу тәртібі олардың мөлшеріне қатысты акционерлердің екі ойлы болуына жол бермеуі керек.

10. Дивиденд төлеу және жылдың қорытындысы бойынша Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

11. Банктің басымдылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайлардан басқа кезде Банктің жоғарғы органының арнайы шешімін қажет етпейді.

12. Дивиденд төлеу кезеңділігі және Банктің бір басымдылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері Банктің Жарғысында және шығарылым жобасында белгіленеді. Басымдылықты акциялар бойынша есептелетін дивиденд мөлшері сол кезең ішінде жай акциялар бойынша есептелген дивиденд мөлшерінен кем болмайды.

13. Банктің басымдылықты акциялары бойынша дивидендті толық төлеп болғанша оның жай акциялары бойынша дивиденд төленбейді.

14. Басымдылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері бекітілген көрсеткіш түрінде, сондай-ақ мәні тұрақты және жалпыға белгілі деген шартпен қандай да бір көрсеткішке қатысты индекстелуі арқылы белгіленуі мүмкін.

49-бап. Дивиденд төлеу

1. Акционерлер арасында дивиденд түрінде таза табысты бөлу олардың меншігіндегі акцияларға пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысы жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл кезде осындай шешім қабылданған күннен кейінгі он күннің ішінде Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында, қор биржасының интернет-ресурсында міндетті түрде хабарлама жариялануы керек.

3. Жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім осындай шешім қабылданған күннен кейінгі он күннің ішінде Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында, қор биржасының интернет-ресурсында жарияланып, төмендегі мәліметтерді көрсетуі керек:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталатын күн;
- 5) дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны.
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

4. Басымдылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы ақпарат артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзімі орнағанға дейінгі бес жұмыс күні ішінде қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланып, төмендегі мәліметтерді көрсетеді:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;
- 3) бір артықшылықты акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталатын күн;
- 5) дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны.

5. Жай акциялар бойынша дивиденд ақшамен немесе бағалы қағаздармен төленеді.

Акциялар бойынша дивидендті Банктің бағалы қағаздарымен төлеу тек осындай төлем акционердің жазбаша келісімі болғанда Банктің жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүргізілгенде ғана мүмкін болады. Басымдылықты акциялар бойынша дивиденд тек ақшамен төленеді.

6. Дивиденд қолма-қол ақшамен де, сол сияқты қолма-қол ақшасыз аударымы арқылы да төленеді. Дивиденд акционердің төлем жасау тәртібі көрсетілген сәйкес өтініші бойынша төленеді. Қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлем жасайтын кезде өтініште оның банктік деректемелері көрсетілуі керек. Өтінішке жеке тұлға акционер қол қойып, өзінің жеке тұлғасын анықтайтын құжатының реквизиттерін көрсетеді. Заңды тұлға акционердің өтінішіне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрмен расталады.

7. Дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивиденд төлеу басталатын күннің алдындағы күнге жасалады.

8. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда дивиденд есептелмейді және төленбейді.

50-бап. Дивидендті уақтылы немесе толық төлеуудің салдары

1. Акционер Банктің қарызының туындау мерзіміне қарамай, төленбеген дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

2. Дивидендті белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, акционерге дивидендтің негізгі сомасы мен ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін орындайтын күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелетін өсімпұл төленеді.

51-бап. Банктің таза кірісін бөлу

1. Таза кірістің есебінен Банк қызметінің тиімділігі үшін қажетті резервтік капитал, басқа да мақсатты және арнайы қорларды қалыптастырады.

Резервтік капиталдың ең аз мөлшері, сонымен қатар оны қалыптастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

Резервтік капиталдың қаражаттары банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты залалды өтеу үшін пайдаланылады.

2. Банктің резервтік капиталын, сонымен қатар басқа да мақсатты және арнайы қорларды пайдалану тәртібін Банктің Директорлар кеңесі белгілейді.

3. Банк жұмыскерлер арасында бөлу үшін салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін таза кірістің белгілі бір мөлшерін бөлуі мүмкін.

10-ТАРАУ. ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСТЫ КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАР МЕН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ РЕТТЕУ

52-бап. Корпоративтік дауларды реттеу бойынша жалпы қағидалар

1. Банкте мүдделер қақтығысын реттеу (соның ішінде Банк пен оның еншілес ұйымдары арасында ақпаратпен алмасқан кезде туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу) жөніндегі саясат қолданылады.

2. Осы Кодекстің аясында Мүдделер қақтығысын және оны іске асыру тетігін басқару, сонымен қатар оның орындалуын бақылау процедурасы әзірленеді. Процедура келесі компоненттерді қамтиды:

1) Банк қызметінде мүдделер қақтығысын азайту процедурасының тетігі;

2) Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі мүдделер қақтығысын алдын алу бойынша басқа ұйымда лауазымды тұлғаның қызметін орындағанға дейін өтетін мақұлдау процесі;

3) Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің міндеті – мүдделер қақтығысын тудырған немесе оның туындауына ықтимал себеп болатын кез келген мәселе бойынша ақпаратты дереу беру;

4) Банктің Директорлар кеңесі мүшесі міндеті – оның аясында Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі мүдделер қақтығысына ие болатын мәселелер бойынша дауыс беруден қалыс қалу;

5) Банктің Директорлар кеңесінің процедура қағидаларының бұзылуына ден қою тетігі.

3. Банктегі корпоративтік даулардың алдын алу және реттеу акционерлердің құқықтарын және заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды, сондай-ақ Банктің мүліктік мүддесі мен іскерлік беделін қорғауды қамтамасыз етуге тең мүмкіндіктер береді.

4. Осы бөлімде көрсетілген корпоративтік қақтығыстарды сотқа дейін реттеу қағидасы құқықтары бұзылған тұлғалардың сот органдарына жүгінуіне кедергі келтірмейді.

5. Банктің барлық органдары корпоративтік даулардың алдын алу және оларды реттеу мақсатында қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз етуге міндетті.

6. Банктің органы мен оның акционері арасында акционердің қатысуына (оған қоса осы Кодекстің немесе Кодекстің нұсқауларына сәйкес қабылданған Банктің ішкі құжаттарының нұсқауларын тиісті дәрежеде орындау жөніндегі мәселелерге) байланысты кез келген келіспеушілік немесе дау немесе акционерлер арасындағы келіспеушілік немесе дау, егер олар Банктің мүддесіне қайшы болса, корпоративтік дау болып табылады, себебі Банктің ішкі қатынастарға әсерін тигізеді немесе әсер етуі мүмкін.

7. Корпоративтік даулардың есебін жүргізу Банктің Корпоративтік хатшысына жүктеледі. Ол акционерлерден келіп түскен хабарламаларды, хаттар мен талаптарды тіркейді, оларға алдын ала бағам жасап, Банктің осындай корпоративтік дауларды шешуге құзырлы органына береді.

Банктің филиалдары мен өкілдіктерінде осындай жұмысты ұйымдастыру филиалдар мен өкілдіктердің бірінші басшыларына жүктеледі. Бұл кезде Банктің Корпоративтік хатшысы Банктің филиалдары мен өкілдіктерінде туындаған осындай корпоративтік даулар туралы толық ақпаратты білуі керек.

8. Банктің филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшылары акционерлердің хабарламалары, хаттары мен талаптары туралы тез арада Банктің Корпоративтік хатшысына хабарлауға міндетті.

9. Банк өте қысқа мерзім ішінде даудың мазмұны бойынша өз көзқарасын анықтап, сәйкес шешім қабылдауға және оны акционерге хабарлауға тиісті.

10. Банктің корпоративтік даудағы ұстанымы заңнама қағидаларына негізделуі қажет.

11. Банктің ұстанымы акционерге уақтылы хабарлануы керек. Банктің акционерлердің хаттарына беретін жауабы толық және жан-жақты болуы керек, ал акционердің өтінішін немесе талабын орындаудан бас тарту туралы хаттама заңнама қағидаларына негізделген болуы керек.

12. Егер Банктің акционердің талабын қанағаттандыруға келісімі акционердің заңнамада көзделген қандай да бір іс-әрекетті орындауына байланысты болса, онда мұндай жағдайларда Банктің акционерге беретін жауабында осындай талаптар мен оларды орындау үшін қажетті ақпарат (мысалы, акционер сұраған құжаттардың көшірмесін жасау үшін төленетін ақы немесе Банктің банктік реквизиттері) көрсетіледі.

13. Акционер мен банк арасында өздерінің міндеттемелерінің мазмұны бойынша дау болмай, оларды орындау тәртібіне, тәсілдеріне, мерзімдеріне және басқа да талаптарына қатысты қайшылық туындаған жағдайларда, Банк акционерге туындаған дауды шешуді және акционердің талабын орындауға келісетін Банктің талаптарын баяндауды ұсынады.

53-бап. Банк органдарының корпоративтік дауларды реттеу жөніндегі жұмысының тәртібі

1. Банк органдарының корпоративтік дауларды қарау және реттеу жөніндегі құзыры анық жіктелуі қажет.

2. Банктің басқа органдарының құзырына жатқызылған мәселелерден басқа барлық мәселелерде Банктің атынан корпоративтік дауларды шешуді негізінде Басқарма жүзеге асырады.

Банктің Президенті немесе оның орнындағы тұлға корпоративтік дауларды реттеу жөніндегі жұмысының тәртібін өз бетінше белгілейді.

3. Директорлар кеңесі Өзінің құзырына жататын мәселелер бойынша корпоративтік дауларды реттейді.

4. Директорлар кеңесінің талқылауына Басқарманың құзырына жататын жекелеген корпоративтік даулар (егер даудың мәні Басқарманың әрекеті (әрекетсіздігі) немесе ол қабылдаған актілер болса) берілуі мүмкін.

5. Банк акционерлерінің арасында корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда Директорлар кеңесі акционерлерге қақтығыстарды реттеу бойынша шараларды ұсынуға құқылы.

6. Банк органдарының корпоративтік дауларды реттеу кезіндегі негізгі міндеті Банктің мүддесіне жауап беретін заңды және негізді шешім табу болып

табылады. Дауды реттеу жөніндегі жұмыс акционердің тікелей қатысуымен онымен тікелей келіссөз өткізу немесе хат алмасу арқылы жүргізіледі.

7. Қажет болған жағдайда, Банк пен акционер арасында корпоративтік дауды реттеу туралы келісім жасауға болады.

8. Корпоративтік дауды бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету үшін және оны тиімді шешуге жағдай жасау үшін осы дау бойынша мүддесі қозғалатын немесе қозғалуы мүмкін тұлғалар осы дау бойынша шешім шығаруға қатыспауы керек.

9. Егер дау өзінің қандай да бір даму деңгейінде Банк Президентінің мүддесін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса, оны реттеу Директорлар кеңесіне беріледі. Директорлар кеңесінің осы дау бойынша мүддесі қозғалатын немесе қозғалуы мүмкін мүшелері осы дауды шешу жұмыстарына қатыспайды.

10. Банктегі өз өкілеттіктерінің күшіне қарай дауларды шешуге қатысуға міндетті тұлға өзіне белгілі болған сәтте бірден осы даудың өз мүддесін қозғайтыны немесе қозғауы мүмкін екендігі туралы хабарлауға міндетті.

54-бап. Банктің акционерлер арасындағы корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысуы

1. Банк акционерлері арасында Банктің өзінің немесе оның басқа акционерлерінің мүддесіне ықпал етуі мүмкін корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, Банктің осы қақтығыстарды шешуге жауапты органына осы даудың Банктің мүддесіне ықпал ету мүмкіндігіне және оның қатысуы осындай дауды реттеуге ықпал ету мүмкіндігіне қатысты мәселені шешу қажет, сондай-ақ осындай дауды реттеу үшін барлық қажетті және мүмкін шараларды қолдануы қажет.

2. Банк акционерлері арасында корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, Басқарма осындай дауды реттейтін кезде Банктің делдал болу жөніндегі қызмет көрсетуін ұсынуға құқылы.

3. Корпоративтік даудың тараптары болып табылатын акционерлердің келісімімен оны реттейтін кезде Басқармамен қатар Директорлар кеңесі де делдал бола алады.

4. Корпоративтік қақтығыстардың тараптары болып табылатын акционерлердің келісімімен Банктің органдары акционерлер арасындағы келіссөздерге қатысуға, өздерінің қолындағы және дауға қатысты ақпарат пен құжаттарды акционерлерге беруге, акционерлік заңнаманың нормалары мен Банктің ішкі құжаттарының қағидаларын түсіндіруге, акционерлерге кеңес беріп, ұсыныстар жасауға, акционерлерге қол қойғызу үшін қақтығыстарды реттеу жөніндегі құжаттардың жобаларын жасауға, Банктің атынан және өз құзырларының аясында дауды шешуге мүмкіндік беретін шамада акционерлер алдында міндеттемелер алуға құқылы.

55-бап. Банктің қызметіне атысты бұзушылықтар туралы конфиденциалды хабарламалар

Осы Кодекстің аясында оның көмегімен Банк қызметкерлері конфиденциалды түрде Банк қызметінің бұзылуы туралы хабарлайтын процедура, сонымен қатар осындай бұзушылықтар туралы алынған мәліметтерді тәуелсіз, объективті тергеу процедурасы әзірленеді.

56-бап. Елеулі тәуекелдерді қабылдау үшін қолданылатын тәртіптік жазалар

Елеулі тәуекелдерді қабылдау үшін қолданылатын тәртіптік жазалар Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілген.

11-ТАРАУ. КАДРЛЫҚ САЯСАТ

57-бап. Банктің кадрлық саясаты туралы жалпы қағидалар

1. Банктің Кадрлық саясаты адам ресурстарын басқару саласында қызметтің миссиясын, құндылығын, принциптері мен бағыттарын айқындайды.

2. Банктің Кадрлық саясаты адам ресурстарын басқару саласында негізін қалаушы құжат болып табылады және адами капиталды дамытуға бағытталған.

Кадрлық саясат құзырлы басқарушы жұмыскерлерді банктік қызметке жұмылдыруды қамтамасыз ету стандарттарын, талаптарын және тетіктерін белгілейді және төмендегілерді қамтамасыз етеді:

1) қажетті тәжірибесі, біліктілігі және мінсіз іскерлік беделі бар, Банк қызметіне байланысты процестер мен тәуекелдерді басқаруға қабілетті қызметкерлердің болуы;

2) қызметтер мен міндеттерді тиімді орындау үшін ресурстардың жеткілікті санын қолдау;

3) өз міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысын азайту;

4) өкілеттіктерді бір жұмыскерге шоғырландыру тәуекелін азайту;

5) сыйақы, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа түрлерін төлеу тәртібін

қосқанда жұмыскерлерге еңбекақы төлеудің ішкі тәртібі;

б) Банк жұмыскерлерінің жұмысының тиімділігін бағалау.

3. Банктің Кадрлық саясатының міндеттері:

1) адам ресурстарын жоспарлау;

2) қызметкерлердің сандық және сапалық құрамы бойынша болашақтағы

қажеттіліктерді жобалау;

3) қажетті кәсіби білімі, дағдысы мен құзыреттілігі бар тиімді жұмыскерлерді

тарту, ұстап қалу, дамыту және ынталандыру;

4) жұмыскерлерге кәсіби және мансаптық даму үшін мүмкіндіктер ұсыну.

58-бап. Банктің кадрлық саясатының негізгі бағыттары

1. Банк шынайы және нақты нәтижелерге қол жеткізуге, еңбек өндірісін арттыруға көмектесетін еңбекақы төлеу жүйесін және тиімділікті басқару жүйесін жетілдіруге тырысуда.

2. Алдыға қойылған міндеттерді орындау үшін келесі қызметтер жүзеге асырылуда:

1) жиынтық сыйақының тұрақты бөлігі басқару жүйесі ретінде рейтингті енгізу;

2) Банктің әр қызметкерінің жұмысының жеке нәтижелері аясында және Қызметтің тиімділігін басқару принциптерінің негізінде бөлімшелердің ерекшеліктерін есепке ала отырып, бағалау мен сыйлықақы берудің икемді бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

3) жұмыс берушінің әлеуметтік-жауапты имиджін нығайту және, үздік үміткерлерді тарту және үздік жұмыскерлерді ұстап қалу үшін өтемақы мен жеңілдіктердің оңтайлы жүйесін құру.

3. Банктің еңбекақы төлеу жүйесі:

1) тәуекелдерді басқару және қызметкерлердің Банк мүддесінде іс-әрекет етуін ынталандыру бойынша қабылданған мәдениетті іске асыруға көмектесуі, сонымен қатар Банк жұмыскерлерін бағалау және сыйлықақы беру бағдарламалары арқылы тәуекелдерді бағалауға және белгіленген тәуекел-тәбетін және тәуекелдер бойынша лимиттерді сақтауға ынталандыруы қажет.

2) Тәуекелдерді басқару бөлімшелерінің, Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс қызметінің жұмыскерлеріне еңбекақы, сыйлықақы төлеу және оларды ынталандыру мөлшері мен тәртібінің Банктің өзге құрылымдық бөлімшелерінің қызметінің және жалпы оның қызметінің нәтижелерінен тәуелсіз болуын қамтамасыз ету.

4. Қызметкерлерді іріктеудің мақсаты – Банкте жұмыс істеу үшін айтарлықтай білікті мамандарды қабылдауды қамтамасыз ету.

5. Іріктеу процесінің негізі болып аталған лауазымға Банк ұсынатын талаптарды үміткердің біліктілік деңгейімен және жеке қасиеттерімен салыстыру танылады. Банкте қызметкерлерді конкурстық іріктеудің негізгі тәсілдері – жұмыскердің лауазымға:

қызметке, лауазымдық міндеттерге, еңбек талаптарына сәйкес келуі.

6. Қызметкерлерді оқыту жүйесі Банкті дамытудың стратегиялық мақсаттарының негізінде ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктер есебімен қызметкерлердің біліктілігінің қажетті деңгейін қалыптастыру және қолдау үшін әзірленген.

7. Банктің жұмыскерлерді дамыту саласындағы міндеттері:

1) оқыту, жоспарлау және бюджеттеу, оқытуды ұйымдастыру және оның нәтижелігін бақылау қажеттіліктерін анықтауды қамтитын оқыту жүйесін әзірлеу және енгізу;

2) стратегиялық мақсаттарға және Банктің бизнес-процестерінің ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды құру;

3) қызметкерлерді оқыту барысында жаңа әлемдік тәжірибені, білімді, еңбекті ұйымдастырудың тиімді әдістерін қосу.

12-ТАРАУ. ҚЫЗМЕТТІ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

59-бап. Банк өз қызметін жүргізген кезде қоршаған ортаны қорғау

1. Өз қызметінде Банк қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі ұстанымдардың және қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындайды.

2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі принциптері:

1) адам өмірі мен денсаулығын қорғаудың, тұрғындардың өмір сүруіне, еңбек етуіне және демалуына қолайлы қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтірудің басымдығы;

2) тікелей банктік қаржылық операциялар арқылы қоршаған ортаға тиюі мүмкін залалдың алдын алу.

3. Жобаларды қаржыландыратын кезде Банк табиғат қорғау аспектілерін ерекше назарға алып талқылайды және экологияны сақтауға бағытталған жобаларға қолдау көрсетеді.

4. Банктің Кредит саясатына сәйкес, кредиттеу кезінде тыйым салынған бағыттардың бірі қоршаған ортаға зиян тигізетін жобаларды кредиттеу болып табылады.

5. Банк экологиялық мәселелерге байланысты заңдық, қаржылық салдар, сондай-ақ Банктің беделі үшін салдар болмауы үшін қажетті шараларды қолданады. Жобаны қараған кезде Банктің уәкілетті бөлімшелері бірігіп Банктің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі принциптеріне сәйкес келуіне жан-жақты сараптама жасайды. Кредиттеу барысында қарыз алушының қызметіне мониторинг жүргізіледі, негізгі табиғат қорғау принциптеріне сәйкес кредит қаражаттарының мақсатына сай пайдаланылуына бақылау жасалады.

6. Қолданыстағы процедураларға Банктің экологиялық және әлеуметтік басқару жүйесі енгізілуде, оның мақсаты Банктің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі принциптерін орындау, халықаралық қаржы институттарының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі төменде көрсетілген талаптарын орындау болып табылады:

1) Клиенттердің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды орындауына қадағалау жасау бойынша мониторинг жүргізу;

2) Кредит шарттары бойынша клиенттердің міндеттемелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі талаптарын бұзбауға міндеттейтін баптар қосу арқылы Банк қызметінің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайту;

3) жобаның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарына сай келуін бағалаудың тиімділігін арттыру мақсатында әрбір жоба бойынша жұмыс жоспарын жасау және оның орындалуына бақылау жүргізу;

4) клиенттермен, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарымен қоршаған ортаны қорғау жөнінен жағымсыз болып табылатын жобаларды жетілдіру және модификациялау бойынша бірлесіп іс-әрекет ету арқылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру.

13-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДА

60-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу

1. Осы Кодекс оны Банк акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

2. Осы Кодекстің қағидаларын акционерлер, Банктің органдары, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері орындауға міндетті.

3. Осы Кодексте баяндалған стандарттар мен ережелерді орындау Банктің осы Кодексте баяндалған корпоративтік басқару принциптерін оңтайландырып, қолдануына бағытталған қосымша ішкі нормативтік құжаттарды, қағидаларды және процедураларды әзірлейтінін және қолданатынын білдіреді.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген, Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары тарапынан қосымша нұсқаулар, корпоративтік басқарудың жаңа дүниежүзілік тәжірибелері пайда болған жағдайларда, осы Кодекстің қағидаларына толықтырулар немесе өзгерістер енгізіледі.

Бұл ретте мұндай толықтырулар және (немесе) өзгерістер Банк акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына ұсынылады.

5. Егер заңнаманы немесе Банк Жарғысын өзгерту нәтижесінде Кодекстің жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Банк Жарғысына қайшы келетін болса, Кодекс заңнамаға және Банк Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
Годового общего собрания акционеров
Акционерного общества "Банк ЦентрКредит"

Полное наименование Банка и местонахождение Правления:
Акционерное общество "Банк ЦентрКредит"
Юридический адрес: A25D5G0, г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 38

Место проведения Годового Общего собрания акционеров:
A25D5G0, г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 38

Дата и время проведения:
12 мая 2023 года, 10.00 часов.

ПОВЕСТКА ДНЯ:

4. О внесении изменений и дополнений в Устав Акционерного общества «Банк ЦентрКредит», об утверждении новой редакции Кодекса корпоративного управления Акционерного общества «Банк ЦентрКредит» и признании утратившим силу Кодекса корпоративного управления Акционерного общества «Банк ЦентрКредит», утвержденного протоколом годового общего собрания акционеров АО «Банк ЦентрКредит» от 05.06.2020 года.

Голосовали: общее число голосующих акций – 185 805 783
приняло участие в голосовании – 156 968 666
за – 156 968 666 голосов
против – 0 голосов
воздержалось – 0 голосов

РЕШИЛИ:

4.1. Утвердить Изменения и дополнения в Устав Акционерного общества «Банк ЦентрКредит» в предлагаемой редакции.

4.2. Утвердить Кодекс корпоративного управления Акционерного общества «Банк ЦентрКредит» в новой редакции.

4.3. Признать утратившим силу Кодекс корпоративного управления Акционерного общества «Банк ЦентрКредит», утвержденный протоколом годового общего собрания акционеров АО «Банк ЦентрКредит» от 05.06.2020 года.

4.4. Уполномочить Президента АО «Банк ЦентрКредит» Владимирову Руслана Владимировича на подписание Изменений и дополнений в Устав Акционерного общества «Банк ЦентрКредит» от имени и в интересах АО «Банк ЦентрКредит».

4.5. Правлению АО «Банк ЦентрКредит» провести процедуру государственной регистрации внесенных изменений и дополнений в Устав АО «Банк ЦентрКредит».

Председатель собрания



Б. Байсеитов

Секретариат собрания

Н. Иркегулов



М. Алаева